Н. Ақанбай
З. І. Сүлейменова
С. Қ. Тәпеева

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАДАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

АЛМАТЫ 2005

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н. Ақанбай, З.І.Сүлейменова, С.Қ.Тәпеева

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАДАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

Оқу құралы

Алматы
"Қазақ университеті"
2005

ББК 22.171я7
А 37

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

физика-математика ғылымдарының докторы, доцент *М. Қ. Дауылбаев;*
физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент *Ж. М. Нұрпейісов*

Аканбай Н., Сулейменова З.І., Тәпеева С.Қ.

А 37 Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистикадан тест сұрақтары: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 224 б.

ISBN 9965-12-876-6

Тестік тапсырмалар жинағына “Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика” пәні бойынша дәстүрлі классикалық университеттердің оқу бағдарламаларына енгізілетін барлық тақырыптарға қатысты есептер мен теориялық мағынадағы сұрақтар енгізілді.

Оқу құралы негізінен университеттер мен педагогикалық институттардың математика және математикаға жақын мамандықтар студенттері мен магистрлеріне, мұғалімдеріне арналған. Оқу құралын сонымен бірге техникалық, экономикалық және басқа да жоғары оқу орындарының “Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика” пәні оқытылатын мамандықтары үшін пайдалануға болады.

А $\frac{1602020000-201}{460(05)-05}$ 149-04 ББК 22.17я7

ISBN 9965-12-876-6

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған оқу құралы математика және математикаға жақын бағыттар (информатика, механика, ақпараттық жүйелер, математикалық және компьютерлік модельдеу, экономикадағы математикалық әдістер), басқа да ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика пәні оқытылатын техникалық, экономикалық т.с.с. мамандықтар студенттері мен магистрлеріне, мұғалімдеріне арналған. Авторлар оқу құралына енгізілген тестік тапсырмалар сұрақтарын дайындау барысында еліміздің университеттері мен педагогикалық институттарының, басқа да жоғары оқу орындарының сәйкес мамандықтарының Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары мен типтік оқу бағдарламаларын негізге алды.

Оқу құралына барлығы 750 тестік тапсырма-сұрақтар енгізілген және олар шартты түрде 30 модульге (әр модульде 25 сұрақтан) бөлінген. Модульдер бойынша сұрақтар жеке тақырыптарға лайықталып топтастырылған. Сұрақтарды бұлайша тақырыптар мен тақырыпшалар бойынша модульдерге бөлу әр модульден кездейсоқ түрде бір-бір сұрақтан алып, әрқайсысы 30 сұрақтан тұратын 25^{30} тең әртүрлі тестік тапсырмалар вариантын (нұсқасын) құрастыруға мүмкіндік береді. Әрине, мамандыққа (дәлірек айтсақ, оның жұмыстық оқу бағдарламасына) байланысты қайсыбір модульдердің сұрақтарын осы мамандықта оқитын оқушының (студенттің, магистрдің) білім деңгейін тексеру барысында тестік сұрақтар құрамына енгізбеуге болады. Сөз жоқ, оқушының (мұғалімнің) берілген сұрақтар жиынтығынан әрқилы санды сұрақтардан тұратын көптеген тестік тапсырма нұсқаларын өзіне ыңғайлы (ұнаған) әдістермен біз ұсынғаннан басқаша түрде де құрастыра алатын толып жатқан мүмкіндіктері бар.

Оқырманға ыңғайлы болу үшін тақырыптар мен модульдер бойынша мазмұн оқу құралының басында берілген, ал қайсыбір сұрақтарға жауап беру барысында пайдаланылатын мағлұматтар (1-3 қосымшалар), пайда-ланылған әдебиеттердің тізімі және дұрыс жауаптардың кестесі оқу құралының соңында келтірілген.

Біз ұсынып отырған оқу құралымыздың бүгінгі күні еліміздегі білім (оның ішінде жоғары білім) саласында жүргізіліп жатқан реформалар жағдайында, әсіресе кредиттік технология бойынша оқыту жүйесіне көшу барысында жалпы оқырманға, әсіресе студенттер мен магистранттарға белгілі бір дәрежеде пайдасы тиер деп үміттенеміз. Оқу құралының материалдарын ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика пәні бойынша білім деңгейін тек тест түрінде тексеру үшін ғана емес, оны студенттер мен магистрлердің өздік жұмысы үшін де, машықтану сабақтары кезінде де пайдалануға болатынын, сонымен бірге оқу құралына бірқатар (шамамен 30-40%) теориялық мағынадағы сұрақтардың енгізілуі оны студенттерден межелік бақылау (коллоквиум, емтихан т.с.с.) жұмыстарын қабылдау кезінде де пайдалануға мүмкіндік беретінін айта кеткіміз келеді.

Сөз соңында мүмкіндікті пайдаланып оқу құралының қолжазбасын оқып, пікір жазғандары үшін физика-математика ғылымдарының докторы, доцент М. Қ. Дауылбаевқа (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) және физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.М.Нүрпейісовқа (Абай атындағы ҚазҰПУ) ризашылығымызды білдіреміз.

Авторлар.

Негізгі белгілеулер тізімі

$\Omega=\{\omega\}$	элементар оқиғалар кеңістігі (э.о.к.).
$(\Omega,\mathcal{F},P)$	ықтималдық кеңістігі, мұндағы $\Omega=\{\omega\}$, $\mathcal{F}$ – Ω-ның ішкі жиындарының σ-алгебрасы; P-ықтималдық (ықтималдықтық функция).
$A,B,C,...\in\mathcal{F}$	$A,B,C,...$ – оқиғалар.
$P(A)$	A оқиғасының ықтималдығы.
$\varnothing$	мүмкін емес оқиға (бос жиын).
Ω	ақиқат оқиға.
$\omega\in A$	элементар ω оқиғасы A оқиғасына жатады (A оқиғасы пайда болады).
$A\bigcup B$	A және B оқиғаларының қосындысы.
$A\bigcap B$	A және B оқиғаларының көбейтіндісі.
$A\subseteq B$	A оқиғасы B оқиғасын ілестіреді.
$A=B$	A және B оқиғалары тең оқиғалар.
$\overline{A}$	A оқиғасына қарама-қарсы оқиға.
$A\setminus B$	A және B оқиғаларының айырымы.
$AB=\varnothing$	A және B оқиғалары үйлеспейтін оқиғалар.
$A+B$	үйлеспейтін A және B оқиғаларының қосындысы.
$A\Delta B=(A\setminus B)\bigcup(B\setminus A)$	A және B оқиғаларының симметриялық айырымы.
$P(A/B)$	A оқиғасының B оқиғасына байланысты шартты ықтималдығы.
$\bigcup_i A_i$	$A_1,A_2,...$ оқиғаларының қосындысы.
$\bigcap_i A_i$	$A_1,A_2,...$ оқиғаларының көбейтіндісі.
$A^*=\limsup A_n$	$A_1,A_2,...$ оқиғалар тізбегінің жоғарғы шегі.
$A_*=\liminf A_n$	$A_1,A_2,...$ оқиғалар тізбегінің төменгі шегі.
Q (а.д)	$P\{\ Q$ қасиеті орындалады $\}=1$.

$\xi \overset{a.\partial}{=} \eta, \xi = \eta\ (a.\partial.)$ — $P\{\xi = \eta\} = 1$.

$A_n \uparrow A$ — $A_1 \subseteq A_2 \subseteq ...,\quad \bigcup_{n=1}^{\infty} A_n = A$.

$A_n \downarrow A$ — $A_1 \supseteq A_2 \supseteq ...,\quad \bigcap_{n=1}^{\infty} A_n = A$.

$I_A(\omega),\ I_A$ — A оқиғасының индикаторы $(I_A(\omega)=1,\ \omega \in A;\ I_A(\omega)=0,\ \omega \notin A)$.

$\alpha(\mathscr{A})$ — $\mathscr{A}$ жүйесі арқылы пайда болған ең кіші алгебра.

$\sigma(\mathscr{A})$ — $\mathscr{A}$ жүйесі арқылы пайда болған ең кіші σ – алгебра.

$\mu(\mathscr{A})$ — $\mathscr{A}$ жүйесі арқылы пайда болған ең кіші монотонды класс.

$R,\ R^1$ — сан түзуі.

$\beta(R)$ — сан түзуіндегі борелдік σ – алгебра.

R^n — $R^n = R \times ... \times R = \{(x_1, x_2 .., x_n): x_i \in R\}$ – n -өлшемді евклидтік кеңістік.

$\beta(R^n)$ — R^n - кеңістігіндегі борелдік σ – алгебра.

R^∞ — $R^\infty = R \times R \times ... = \{(x_1, x_2, ...): x_i \in R\}$.

$\beta(R^\infty)$ — R^∞ кеңістігіндегі борелдік σ – алгебра.

$\xi, \eta, \zeta, ...$ — кездейсоқ шамалар.

$\mathscr{F}_\xi$ — ξ кездейсоқ шамасы арқылы пайда болған σ – алгебра.

P_ξ — ξ кездейсоқ шамасының үлестірім заңы.

$F(x) = F_\xi(x) = P\{\xi \le x\}$ — ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы.

$f_\xi(x) = f(x)$ — ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы.

$f * g(x)$ — $f(x)$ және $g(x)$ үлестірім тығыздықтарының үйірткісі (композициясы).

$F * G(x)$ — $F(x)$ және $G(x)$ үлестірім функцияларының үйірткісі (композициясы).

$M\xi$ — ξ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі.

$D\xi$ — ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы.

$\sigma = \sqrt{D\xi}$ — ξ кездейсоқ шамасының орташа квадраттық ауытқуы.

$\operatorname{cov}(\xi, \eta)$ — ξ, η кездейсоқ шамаларының ковариациясы.

$\rho_{\xi,\eta},\ \rho(\xi, \eta)$ — ξ, η кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті.

$\xi \sim Bi(n; p)$ — ξ - параметрлері (n, p) болатын биномдық кездейсоқ шама.

$\xi \sim Bi(1; p)$ — ξ - параметрі p болатын геометриялық кездейсоқ шама.

$\xi \sim \mathscr{N}(a, \sigma^2)$, $\xi \sim N(a, \sigma^2)$ — ξ – параметрлері (a, σ^2) болатын нормаль (қалыпты) кездейсоқ шама.

$\xi \sim \Pi(\lambda)$ — ξ - параметрі λ болатын пуассондық кездейсоқ шама.

$\varphi(x)$ — $\varphi(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}} e^{-\frac{x^2}{2}}$ –стандартты (яғни параметрлері (0,1) болатын) нормаль кездейсоқ шаманың үлестірім тығыздығы.

$\Phi(x)$ — $\Phi(x) = \int_{-\infty}^{x} \varphi(x)dx$ – стандартты нормаль кездейсоқ шаманың үлестірім функциясы (Лаплас функциясы).

$\Phi_0(x)$ — $\Phi_0(x) = \int_0^x \varphi(x)dx$.

$\xi \sim \mathscr{N}(a, R)$, $\xi \sim N(a, R)$ — ξ - параметрлері (a, R) (математикалық күтімі $M\xi = (M\xi_1, ..., M\xi_n) = a = (a_1, ..., a_n)$, $a_i = M\xi_i$, $i = 1, 2, ..., n$, ковариациялық матрицасы $R = \|\operatorname{cov}(\xi_i, \xi_j)\|_{i,j=1}^{n}$) болатын көп өлшемді нормаль кездейсоқ шама.

$\xi \sim \mathcal{N}(a, \sigma^2 E)$ ξ - көп өлшемді стандартты нормаль кездейсоқ шама (E -бірлік матрица).

$\xi_n \xrightarrow{\text{әлсіз}} \xi$ ξ_n − кездейсоқ шамалар тізбегі ξ кездейсоқ шамасына әлсіз жинақталады.

$\xi_n \xrightarrow{P} \xi$ ξ_n кездейсоқ шамалар тізбегі ξ кездейсоқ шамасына ықтималдық бойынша жинақталады.

$\xi_n \xrightarrow{a\ \partial} \xi$ ξ_n − кездейсоқ шамалар тізбегі ξ кездейсоқ шамасына ақиқат дерлік түрде (бірге тең ықтималдықпен) жинақталады.

$\xi_n \xrightarrow{L^r} \xi$ ξ_n − кездейсоқ шамалар тізбегі ξ кездейсоқ шамасына r – ретті орташа жинақталады $(r > 0)$.

$\xi_n \xrightarrow{L^2} \xi$ $\left(\underset{n}{lim}\,\xi_n = \xi\right)$ ξ_n кездейсоқ шамалар тізбегі ξ кездейсоқ шамасына орташа квадратты жинақталады.

$P_1 \Rightarrow P_2$ P_1 қасиетінен P_2 қасиеті шығады.

$P_1 \Leftrightarrow P_2$ P_1 және P_2 қасиеттері эквивалентті.

$\hat{F}_n(x)$ эмпирикалық үлестірім функциясы.

$X_{(k)}$ вариациялық қатардың k – ші мүшесі (реттік статистиканың k – ші мүшесі).

$\hat{\theta}_n$ көлемі n -ге тең таңдама бойынша құрастырылған белгісіз θ параметрінің бағасы.

$\overline{X}$ таңдамалық орта.

s^2 таңдамалық дисперсия.

s_1^2 түзетілген таңдамалық дисперсия.

P_θ белгісіз параметр θ болған шарт жағдайындағы ықтималдық.

M_θ, E_θ белгісіз параметр θ болған шарт жағдайындағы математикалық күтім.

D_θ белгісіз параметр θ болған шарт жағдайындағы дисперсия.

W_t, $t \geq 0$ $t = 0$ болғанда нөлден шығатын винер процесі.

$F_{\xi,\eta}(x, y)$ ξ және η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім функциясы.

$f_{\xi,\eta}(x, y)$ абсолютті үзіліссіз ξ және η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім тығыздығы.

p_{ij} $P\{\xi = x_i, \eta = y_j\}$ дискретті ξ және η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім заңы..

$p_{i\cdot}$, $p_{\cdot j}$ $p_{i\cdot} = \sum_j p_{ij}$, $p_{\cdot j} = \sum_i p_{ij}$.

$p_{i/j}$ $P\{\xi = x_i / \eta = y_j\}$ шартты ықтималдығы.

$f_{\xi/\eta}(x / y)$ ξ кездейсоқ шамасының η кездейсоқ шамасы y-ке тең болған жағдайдағы шартты үлестірім тығыздығы.

$M(\xi / \eta = y)$ ξ кездейсоқ шамасының η кездейсоқ шамасы y-ке тең болған жағдайдағы шартты математикалық күтімі.

$M(\xi / \eta)$ ξ кездейсоқ шамасының η кездейсоқ шамасына байланысты шартты математикалық күтімі.

I. ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА АМАЛДАР ҚОЛДАНУ. ЫҚТИМАЛДЫҚТЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

1-модуль

1. Сынақ Ω элементар оқиғалар кеңістігімен сипатталатын болсын, ал A - осы сынаққа қатысты оқиға болсын. Сынақты бір рет өткізген соң $\omega \in \Omega$ нәтижесі алынған. Төмендегі жағдайлардың қайсысы орындалғанда A оқиғасы пайда болмады дейді?

А. $\omega \in \Omega \setminus A$; В. $\omega \in A$; С. $\omega \in A \setminus \Omega$;
Д. $\omega \in \Omega$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

2. Ақиқат оқиға дегеніміз

А. сынақ нәтижесінде әруақытта пайда болатын (яғни Ω) оқиға;
В. ықтималдығы 1-ге тең болатын кез келген оқиға:
С. ықтималдығы 1-ден үлкен болатын кез келген оқиға;
Д. ешуақытта пайда болмайтын оқиға;
Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

3. A және B бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы A, B оқиғаларының ең болмағанда біреуі пайда болды дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $A \setminus B$; В. $A \cap B$; С. $A \cup B$;
Д. $(A \setminus B) \cup (B \setminus A)$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

4. A және B бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы A, B оқиғаларының екеуі де пайда болды дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $\overline{\overline{A}\,\overline{B}}$; В. $\overline{\overline{A} \cup \overline{B}}$; С. $A \cup B$;
Д. $(A \setminus B) \cup (B \setminus A)$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

5. Егер A, B, C, D оқиғалары үшін $A \Delta B = C \Delta D$ болса, онда

А. $A = C$, $B = D$; В. $A \setminus B = C \setminus D$, бірақ $B \setminus A \neq C \setminus D$;
С. $A\overline{B} \cup B\overline{A} = CD$; Д. $A\overline{B} = C\overline{D}$, $\overline{B}\,\overline{A} = \overline{C}\,\overline{D}$;
Е. $A \Delta C = B \Delta D$.

6. $A \cup A$ және AA оқиғалары қай оқиға болады?

А. $2A$; В. $1/2A$; С. A;
Д. $3A$; Е. $4A$.

7. $AB = A$ теңдігі қай уақытта орындалады?

А. $A \subset B$; В. $B \subset A$; С. $A^2 = B$;
Д. $3A$; Е. $4A$.

8. Нысана радиустары r_k $(k = 1,2,3,...,10)$, $r_1 < r_2 < ... < r_{10}$ болатын 10 дөңгелектен тұрады. A_k - оқтың радиусы r_k -ға тең дөңгелекке тиюі. $B = \bigcup_{k=1}^{5} A_k$, $C = \bigcap_{k=1}^{3} A_k$ оқиғалары нені білдіреді?

А. $B = A_5$, $C = A_3$; В. $B = A_1$, $C = A_1$;
С. $B = A_1 + A_2 + A_3 + A_4 + A_5 + A_6$, $C = A_{10}$;
Д. $B = A_{10}$, $C = A_1$; Е. $B = A_5$, $C = A_6$.

9. A - тексерілетін үш құралдың кемінде біреуі жарамсыз, B - барлық құрал жарамды. Келесі оқиғалар нені білдіреді: $C = A \cup B$ және $D = AB$?

А. C - ақиқат оқиға, D - мүмкін емес оқиға;
В. D - ақиқат оқиға, C - мүмкін емес оқиға;
С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. C - B оқиғасы пайда болғанда A оқиғасы пайда болады; D - мүмкін емес оқиға;

E. C - B оқиғасы пайда болғанда A оқиғасы пайда болады; D - ақиқат оқиға.

10. A, B, C оқиғалары сәйкесінше әр түрлі үш шығармалар жинағынан кемінде бір кітап алынғанын білдіреді. Шығармалар жинағының әрқайсысы кемінде үш томнан тұрады. $U = A \cup B \cup C$ және $V = ABC$ оқиғалары нені білдіреді?

A. U -кемінде бір кітап алынған, V -үш жинақтан кемінде бір-бір томнан алынған;

B. U - Үш жинақтан кемінде бір-бір томнан алынған; V - кемінде бір кітап алынған;

C. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;

Д. U - Бірінші екі жинақтан бір-бір томнан алынған; V - кемінде бір кітап алынған;

E. U - Үш жинақтан кемінде бір-бір томнан алынған; V - кемінде екі кітап алынған.

11. Кездейсоқ сандар тізбегінен кез келген сан алынған. A-алынған сан 5-ке бөлінеді; B - алынған сан 0-мен аяқталады. AB оқиғасы нені білдіреді?

A. Алынған сан 5 цифрымен аяқталады;
B. Алынған сан 5 цифрымен аяқталмайды;
C. Алынған сан 0 цифрымен аяқталады;
Д. Алынған сан жұп;
E. Алынған сан 7 цифрымен аяқталады.

12. A оқиғасы - 4 бұйымның кемінде біреуі жарамсыз. B оқиғасы - 4 бұйымның ішінде жарамсыздар саны екіден аз емес. $\overline{A}$ және $\overline{B}$ оқиғалары нені білдіреді?

A. $\overline{A}$ - барлық бұйымдар жарамды, $\overline{B}$ - жарамсыз бұйым жоқ немесе біреу;

B. $\overline{A}$ -жарамсыз бұйым жоқ немесе біреу, $\overline{B}$ - барлық бұйымдар жарамды;

C. $\overline{A}$ -барлық бұйымдар жарамсыз, $\overline{B}$ - жарамсыз бұйым жоқ немесе біреу;

Д. $\overline{A}$ -барлық бұйымдар жарамды, $\overline{B}$ - жарамды бұйым жоқ немесе біреу;

E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

13. $A = (B + C)(B + \overline{C})(\overline{B} + C)$ өрнегін ықшамдаңыз, мұндағы B, C — қандай да бір оқиғалар.

A. $A = \overline{C}$; B. $B \subset A$; C. $A = \overline{B}$;
Д. $A = BC$; E. $A = B$.

14. $\overline{X + A} + \overline{X + \overline{A}} = B$ өрнегінен X кездейсоқ оқиғасын табыңыз.

A. $X = \overline{B}$; B. $X = B$; C. $X = A$;
Д. $X = A + B$; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

15. Екі адам бір партия шахмат ойнаған. A-бірінші ойыншы жеңеді. B- екінші ойыншы жеңеді. Толық топ құру үшін осы екі оқиғаға тағы қандай оқиға қосу керек?

A. C - екеуі де жеңеді; B. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
C. C - екеуі де жеңіледі; Д. C - екеуі тең ойнайды;
E. Толық топ құру мүмкін емес.

16. Қондырғы екі автоматтан және бір машинадан тұрады. A – машина бұзылмаған, B_k $(k = 1,2)$ – k – сынығы автомат бұзылмаған, C – қондырғы бұзылмаған. Машина және кемінде бір автомат бұзылмаған деген оқиға қалай өрнектеледі?

A. $C = A + (B_1 + B_2)$; B. $C = AB_1B_2$;
C. $C = A + B_1B_2$; Д. $C = A(B_1 + B_2)$;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

17. "Элемент" сөзінің әріптерінен кездейсоқ бір әріп таңдап алынған. Осы сынаққа сәйкес келетін Ω элементар оқиғалар кеңістігін сипаттаңыз.

А. {е, о}; В. {э,р,а}; С. {д,б,и,с};
Д. {т, н, е, м, е, л, э}; Е. {е, с, л.н}.

18. Тиын екі рет лақтырылған. Осы сынаққа сәйкес келетін Ω элементар оқиғалар кеңістігін сипаттаңыз.

А. {ГГ, ГЦ, ЦГ, ЦЦ}; В.{ГГ, ГЦ, ЦЦ};
С. {ГГ, ЦЦ}; Д. {Г, Ц}; Е.{ЦГ, ГГ, ЦЦ}.

19. 1-ден 5-ке дейін цифрлар жеке парақ қағаздарға жазылып, қорапқа салынған, сосын қораптан кездейсоқ бір парақ қағаз алынған. Осы сынаққа сәйкес келетін Ω элементар оқиғалар кеңістігін сипаттаңыз.

А. {3}; В. {1, 2, 3, 4, 5}; С. {5, 4, 2, 1};
Д. {1, 3, 5}; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

20. Мына формулалардың қайсысы дұрыс?

А. $P(\overline{A}_1 \cup A_2) = 1 - P(A_1) + P(A_2)$;
В. $P(\overline{A}_1 \cup \overline{A}_2) = 1 - P(A_1 A_2)$;
С. $P(\overline{A}_1 \overline{A}_2) = P(\overline{A}_1) P(\overline{A}_2)$;
Д. $P(A_1 \setminus A_2) = P(A_1) - P(A_2)$;
Е. $P(A_1 \overline{A}_2) = P(A_1) + P(A_1 A_2)$.

21. A_1, A_2, A_3 оқиғаларының көбейтіндісінің ықтималдығын есептеуге ықтималдықтарды көбейту формуласын пайдалана алу үшін мына шарттар орындалуы керек:

А. $P(A_i) > 0 \quad (i = 1,2,3)$; В. $P(A_i A_j) > 0 \ (i, j = 1, 2, 3; i \neq j)$;
С. $P(A_i) \geq 0 \ (i = 1,2,3)$; Д. $P(A_i A_j) \geq 0 \quad (i, j = 1,2,3 \ i \neq j)$;
Е. $P(A_i) > 0 \quad (i = 1,2,3) \quad P(A_i A_j) > 0 \ (i, j = 1, 2, 3; i \neq j)$.

22. A_1, A_2 тәуелсіз оқиғалар. $P(A_1) = 0{,}1$; $P(A_2) = 0{,}7$. $P(\overline{A}_1 \cup A_2) = ?$

А. 0,83; В. 0,97; С. 0,63; Д. 0,79; Е. 0,73.

23. A_1, A_2 тәуелсіз оқиғалар. $P(\overline{A}_1) = 0{,}3$; $P(\overline{A}_2) = 0{,}7$; $P(A_1 \cup \overline{A}_2) = ?$

А. 0,95; В. 0,83; С. 0,93; Д. 0,81; Е. 0,91.

24. $A_1, A_2, ..., A_{100}$ оқиғаларының тәуелсіздігін тексеру үшін біз ең көбі төменде көрсетілгендей санға тең қатынастарды тексеруіміз керек:

А. $2^{100} - 101$; В. $2^{100} - 100$; С. $2^{100} - 99$;
Д. 2^{100}; Е. $2^{100} - 1$.

25. A және B оқиғаларының симметриялық айырымы үшін мына формула дұрыс:

А. $P(A \Delta B) = P(A) + P(B) - 2P(AB)$;
В. $P(A \Delta B) = P(A) + P(B)$;
С. $P(A \Delta B) = P(A) + P(B) - P(AB)$;
Д. $P(A \Delta B) = P(A) + P(B) + P(AB)$;
Е. $P(A \Delta B) = P(A \setminus B) + P(AB)$;

2-модуль

26. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы тек A оқиғасы орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. ABC; В. $A\overline{B}\overline{C}$; С. A; Д. $A \cup B$; Е. $A \cap B \cup C$.

27. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы A және B оқиғалары орындалады, бірақ C оқиғасы орындалмайды дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $AB\overline{C}$; В. $A\overline{B}\overline{C}$; С. A;
Д. $A\cup BC$; Е. $A\cap B\cup C$.

28. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы үш оқиға да орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $AB\overline{C}$; В. $A\overline{B}\overline{C}$; С. $\overline{A}\overline{B}\overline{C}$;
Д. $A\cup B\cup C$; Е. $A\cap B\cap C$.

29. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы ең болмағанда бір оқиға орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $AB\overline{C}$; В. $A\overline{B}\overline{C}$; С. A;
Д. $A\cup B\cup C$; Е. $A\cap B\cap C$.

30. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы ең болмағанда екі оқиға орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $AB\overline{C}$; В. $AB\cup BC\cup AC$; С. AB;
Д. $AB\cup BC$; Е. $A\cap B\cap C$.

31. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы тек бір оқиға орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $A\overline{B}\overline{C}\cup\overline{A}B\overline{C}\cup\overline{A}\overline{B}C$; В. $AB\cup BC\cup AC$;
С. $A\cup B\cup C$; Д. $AB\cup BC$; Е. $A\cap B\cap C$.

32. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы тек екі оқиға орындалады дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $A\overline{B}\overline{C}\cup\overline{A}B\overline{C}\cup\overline{A}\overline{B}C$; В. $AB\cup BC\cup AC$;
С. $\overline{A}BC\cup A\overline{B}C\cup AB\overline{C}$; Д. $AB\cup BC$;
Е. $A\cap B\cap C$.

33. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы ешқандай оқиға орындалмайды дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $\overline{A}\cup\overline{B}\cup\overline{C}$; В. $\overline{A}\overline{B}\overline{C}$; С. $\overline{A}\overline{\overline{B}}\overline{C}$;
Д. $AB\cup C$; Е. $A\cap B\cap C$.

34. A, B, C оқиғалары бір сынаққа қатысты оқиғалар. Төмендегілердің қайсысы екіден артық емес оқиға орындалды дегенді білдіретін оқиға болады?

А. $\varnothing$; В. $\overline{A}\overline{B}\overline{C}$; С. $\overline{A}\overline{\overline{B}}\overline{C}$;
Д. $\overline{ABC}$; Е. $A\cap B\cap C$.

35. Егер $P(A)=0$, $P(B)=1$ болса, онда

А. $P(A\setminus B)=0$, $P(A\cup B)=1$, $P(AB)=1$;
В. $P(A\setminus B)=-1$, $P(A\cup B)=1$, $P(AB)=0$;
С. $P(A\setminus B)=0$, $P(A\cup B)=1$, $P(AB)=0$;
Д. $P(A\setminus B)=1$, $P(\overline{A}B)=0$, $P(\overline{A}\setminus B)=0$;
Е. $P(B\setminus A)=0$, $P(\overline{A}B)=1$, $P(\overline{A}\setminus B)=0$.

36. Егер $P(A)=0$ болса, онда бұл оқиға және кез келген B оқиғасы

А. тәуелсіз де, тәуелді де болуы мүмкін;

B. тәуелсіз оқиғалар болады;
C. тәуелді оқиғалар болады;
Д. егер $P(B)\neq 0$ болса, тәуелсіз оқиғалар болады;
E. егер $P(B)=0$ болса, тәуелді оқиғалар болады.

37. Егер $P(A)=1$ болса, онда бұл оқиға және кез келген B оқиғасы

A. тәуелсіз де, тәуелді де болуы мүмкін;
B. тәуелсіз оқиғалар болады;
C. тәуелді оқиғалар болады;
Д. егер $P(B)\neq 0$ болса, тәуелсіз оқиғалар болады;
E. егер $P(B)=0$ болса, тәуелді оқиғалар болады.

38. Егер $P(\overline{A})=0$ болса, онда бұл оқиға және кез келген B оқиғасы

A. тәуелсіз де, тәуелді де болуы мүмкін;
B. тәуелсіз оқиғалар болады;
C. егер $P(B)\neq 0$ болса, тәуелсіз оқиғалар болады;
Д. егер $P(B)=0$ болса, тәуелді оқиғалар болады;
E. тәуелсіз оқиғалар болады.

39. Егер $P(\overline{A})=1$ болса, онда бұл оқиға және кез келген B оқиғасы

A. тәуелсіз де, тәуелді де болуы мүмкін;
B. тәуелді оқиғалар болады;
C. егер $P(A)\neq 0$ болса, тәуелсіз оқиғалар болады;
Д. тәуелсіз оқиғалар болады.
E. егер $P(B)=0$ болса, тәуелді оқиғалар болады.

40. Айталық,, Р3, Р3', Р3'',Р3'''- ықтималдықтың сәйкес саналымды аддитивтілік, жоғарыдан, төменнен және "нөлдегі" үзіліссіздік қасиеттері (аксиомалары) болсын. Онда мына тұжырым дұрыс:

A. $P3 \Rightarrow P3' \Rightarrow P3'' \Rightarrow P3'''$;
B. $P3 \Rightarrow P3'$, $P3'' \Rightarrow P3'$;
C. $P3 \Leftrightarrow P3' \Leftrightarrow P3''$, $P3'' \Rightarrow P3'''$;
Д. $P3' \Rightarrow P3 \Rightarrow P3'' \Rightarrow P3'''$;
E. $P3 \Leftrightarrow P3' \Leftrightarrow P3'' \Leftrightarrow P3'''$.

41. Егер $A, \overline{B}$ үйлеспейтін оқиғалар, ал C - кез келген оқиға болса, онда

A. $A \setminus BC = A\overline{B}$; B. $A \setminus BC = \varnothing$; C. $A \setminus BC = A(\overline{B} \cup \overline{C})$;
Д. $A \setminus BC = A\overline{C}$; E. $A \setminus BC = \overline{A}C$.

42. Кез келген A, B, C оқиғалары үшін

A. $A \setminus (B \cup C) = A\overline{B}\overline{C}$; B. $A \setminus (\overline{B} \cup C) = ABC$;
C. $A \setminus (\overline{B} \cup \overline{C}) = A\overline{B}C$; Д. $A \setminus (\overline{B} \cap \overline{C}) = AB$;
E. жоғарыдағы қатынастардың ешқайсысы дұрыс емес.

43. A, B оқиғалар, $P(B)\neq 0$, $P(\overline{B})\neq 0$ болсын. Онда әруақытта

A. $P(A/B)+P(\overline{A}/B)=1$; B. $P(A/B)+P(A/\overline{B})=1$;
C. $P(A/B)+P(\overline{A}/\overline{B})=1$;
Д. жоғарыдағы қатынастардың үшеуі де дұрыс;
E. жоғарыдағы қатынастардың үшеуі де дұрыс емес.

44. $(\Omega, \mathscr{F}, P)$ – ықтималдық кеңістігі, $A \in \mathscr{F}$, $P(A)=0$, $\mathscr{F}_A = \{BA : B \in \mathscr{F}\}$. Онда $\mathscr{F}_A$ – жүйесі

A. σ-алгебра және кез келген $B \in \mathscr{F}_A$ үшін $P(B)=1$;
B. σ-алгебра болмайды;
C. σ-алгебра және кез келген $B \in \mathscr{F}_A$ үшін $P(B)=0$, не $P(B)=1$;
Д. σ-алгебра және кез келген $B \in \mathscr{F}_A$ үшін $0 < P(B) < 1$;

Е. σ-алгебра болуы да, болмауы да мүмкін.

45. Симметриялы айырым алу операциясы

А. коммутативті, бірақ ассоциативті емес;
В. коммутативті емес, бірақ ассоциативті;
С. коммутативті де емес, ассоциативті де емес;
Д. коммутативті әрі ассоциативті;
Е. кейде коммутативті, кейде коммутативті емес.

46. $P(A)=P(B)=\dfrac{1}{2}$. Онда

А. $P(AB)=P(\overline{A}\overline{B})=\dfrac{1}{4}$;   В. $P(AB)\neq P(\overline{A}\overline{B})$;
С. $P(AB)<P(\overline{A}\overline{B})$;   Д. $P(AB)>P(\overline{A}\overline{B})$;
Е. $P(AB)=P(\overline{A}\overline{B})$.

47. A,B,C оқиғалар. Егер $A\cup C=B\cup C$, болса, онда

А. $A=B$;   В. A мен B тең болуға міндетті емес;
С. $A\subseteq C$ және $B\subseteq C$;   Д $C\subseteq A$ және $C\subseteq B$;
Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

48. $(\Omega,\mathscr{F},P)$– ықтималдық кеңістігі, $A_1, A_2, \ldots \in \mathscr{F}$, ал $A^* = \limsup A_n$ және $A_* = \liminf A_n$ бұл оқиғалар тізбегінің сәйкес жоғарғы және төменгі шегі болсын. Онда мына тұжырым дұрыс:

А. $A^*=A_*$;   В. $A^*\subset A_*$;   С. $A_*\subset A^*$;
Д. Кей кезде $A^*\subset A_*$, кейде керісінше;
Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

49. Қандай да бір ықтималдық кеңістігіндегі оқиғалардың саны 63, 64,128,129 болуы мүмкін бе?

А. Мүмкін;

В. 129 болуы мүмкін;
С. 63 және 129 болуы мүмкін;
Д. 63,64,128 болуы мүмкін;
Е. 64 және 128 болуы мүмкін.

50. Екі ойыншы кезектесіп тиын лақтырып отыр. Ойын қашан герб түскенше жалғасады және кімде бірінші рет герб түссе, сол ойыншы ұтқан болып шығады. Осы ойында екінші ойыншының ұту ықтималдығын табыңыз.

А. 1;   В. 1/3;   С. 1/5;
Д. 1/4;   Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

II. ЫҚТИМАЛДЫҚТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ. КОМБИНАТОРИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ

3-модуль

51. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы қандай сынаққа қатысты оқиғалардың ықтималдықтарын есептеу үшін қолданылады?

A. Барлық мүмкін болатын нәтижелер (элементар оқиғалар) саны ақырлы болатын кез келген сынаққа қатысты оқиғалардың ықтималдықтарын есептеу үшін қолданылады;
B. Біріншіден, мүмкін болатын нәтижелер (элементар оқиғалар) саны ақырлы болатын, екіншіден, барлық мүмкін болатын элементар нәтижелері бірдей ықтималдыққа ие болатын сынаққа қатысты оқиғалардың ықтималдықтарын есептеу үшін қолданылады;
C. Барлық мүмкін болатын нәтижелер (элементар оқиғалар) саны саналымды болатын сынаққа қатысты оқиғалардың ықтималдығын есептеу үшін қолданылады;
Д. Симметриялы емес тиынды лақтыруға қатысты оқиғалардың ықтималдықтарын есептеу үшін қолданылады;
E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

52. Екі ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлар қосындысы 7-ге тең болу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/7; B. 0.3; C. 1/4;
Д. 1/6; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

53. Екі ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлар қосындысы 8, ал айырымы 4 болу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/18; B. 0.5; C. 1/9;
Д. 1/8; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

54. Үш шар бес жәшікке кездейсоқ үлестірілген кезде ол шарлардың бірінші, үшінші және төртінші жәшіктерге түсу ықтималдығы Максвелл-Больцман статистикасы үшін мынаған тең:

A. 3/5; B. 3/25; C. 7/125;
Д. 6/125; E. 5/125.

55. Үш шар бес жәшікке кездейсоқ үлестірілген кезде ол шарлардың бірінші, үшінші және төртінші жәшіктерге түсу ықтималдығы Бозе-Эйнштейн статистикасы үшін мынаған тең:

A. 1/35; B. 3/35; C. 5/35;
Д. 2/35; E. 4/35.

56. Үш шар бес жәшікке кездейсоқ үлестірілген кезде ол шарлардың бірінші, үшінші және төртінші жәшіктерге түсу ықтималдығы Ферми-Дирак статистикасы үшін мынаған тең:

A. 0,3; B. 0,2; C. 0,1;
Д. 0,5; E. 3/5.

57. Тиынды екі рет лақтырған кезде гербтің түсу саны жұп сан болу ықтималдығы неге тең? ("нөл"- жұп сан деп есептеңіз).

A. 0,25; B. 0,75; C. 1/3;
Д. 0,5; E. 2/3.

58. r шарды n жәшікке кездейсоқ үлестіру схемасы Бозе-Эйнштейн статистикасына сәйкес жүзеге асырылса, онда әр кездейсоқ орналастырудың ықтималдығы мынаған тең:

A. $\left(C_n^r\right)^{-1}$; B. $\left(C_{n+r-1}^{n-1}\right)^{-1}$; C. n^{-r};
Д. $\left(C_n^{r-1}\right)^{-1}$; E. $\left(C_{n+r-1}^{n}\right)^{-1}$.

59. r шарды n жәшікке кездейсоқ үлестіру схемасы Ферми-Дирак статистикасына сәйкес жүзеге асырылса, онда әр кездейсоқ орналастырудың ықтималдығы мынаған тең:

A. $\left(C_n^r\right)^{-1}$; B. $\left(C_{n+r-1}^{n-1}\right)^{-1}$; C. n^{-r};
Д. $\left(C_n^{r-1}\right)^{-1}$; E. $\left(C_{n+r-1}^{n}\right)^{-1}$.

60. r шарды n жәшікке кездейсоқ үлестіру схемасы Максвелл-Больцман статистикасына сәйкес жүзеге асырылса, онда әр кездейсоқ орналастырудың ықтималдығы мынаған тең:

A. $\left(C_n^r\right)^{-1}$; B. $\left(C_{n+r-1}^{n-1}\right)^{-1}$; C. n^{-r};
Д. $\left(C_n^{r-1}\right)^{-1}$; E. $\left(C_{n+r-1}^{n}\right)^{-1}$.

61. Бірдей (ажыратылмайтын) r ойын сүйегін лақтырған кезде ажыратылатын (әртүрлі) нәтижелер саны мынаған тең:

A. C_{r+6}^6; B. C_{r+5}^6; C. C_{r+5}^r;
Д. C_{r+6}^r; E. C_{r+6}^5.

62. Үш айнымалының аналитикалық функциясының әртүрлі төртінші ретті туындыларының саны мынаған тең:

A. он төрт; B. он бес; C.он алты;
Д. он үш; С. он екі.

63. Үш айнымалының аналитикалық функциясының әртүрлі бесінші ретті туындыларының саны

A. жиырма; B. он тоғыз; C.он сегіз;
Д. жиырма бір; E. жиырма екі.

64. Бірдей (ажыратылмайтын) r шар n жәшікке $(r \geq n)$ кездейсоқ орналастырылған. Барлық ажыратылатын орналастырулар бірдей ықтималды болса, бірде-бір жәшік бос болмауының ықтималдығы неге тең?

A. $\dfrac{1}{C_{n+r-1}^{n-1}}$; B. $\dfrac{C_{n-1}^{r-1}}{C_{n+r-1}^{n-1}}$; C. $\dfrac{C_{r-1}^{n-1}}{C_{n+r}^{n}}$;
Д. $\dfrac{1}{C_{r-1}^{n-1}}$; E. $\dfrac{C_{r-1}^{n-1}}{C_{n+r-1}^{n-1}}$.

65. Тиын екі рет лақтырылған. Кемінде бір рет герб түсу ықтималдығын табыңыз.

A. 0.75; B. 0.85; C. 1/8;
Д. 1/9; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

66. Қалтада 20 тиындықтан төртеу, 5 тиындықтан жетеу бар. Кездейсоқ бір тиын (қайтарымсыз) алынған соң, екінші рет алынған тиын 20 тиындық болып шықты. Бірінші алынған тиын да 20 тиындық болу ықтималдығын табыңыз.

A. p=3/10; B. p=1/11; C. p=2/11;
Д. p=4/11; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

67. 10 жарамды және 3 жарамсыз бұйымнан тұратын бұйымдар тобынан тексеруге 5 бұйым кездейсоқ алынған. Алынған бұйымдар арасында 1 жарамсыз бұйым болуының ықтималдығын табыңыз.

A. 70/143; B. 70/144; C. 69/143;
Д. 70/142; E. 70/141.

68. 10 бірдей карточкаларда нөлден тоғызға дейін әр түрлі сандар жазылған. Осы карточкалардан кездейсоқ алынған екі карточкадағы сандардан құралған екітаңбалы сан 18-ге бөліну ықтималдығын табыңыз.

A. p=4/90; B. p=1/30; C. p=1/18;
Д. p=1/90; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

69. 8 бірдей карточкаға, сәйкесінше, 2, 4, 6, 7, 8, 11, 12 және 13 сандары жазылған. Кездейсоқ екі карточка алынады.

Алынған сандардан құралған бөлшек қысқартылатын бөлшек болу ықтималдығын табыңыз.

А. p=5/14; В. p=5/8; С. p=4/14;
Д. p=5/7; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

70. Ұзындықтары 2, 4, 6, 8 және 10 бірлікке тең бес кесінді берілген. Олардың арасынан кездейсоқ алынған үш кесіндіден үшбұрыш құруға болатындығының ықтималдығын табыңыз.

А. p=0,3; В. p=0,4; С. p=0,2;
Д. p=0,1; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

71. Жәшікте 1 ден 10-ға дейінгі сандармен белгіленген 10 шар бар. Кездейсоқ бір шар алынған. Алынған шар нөмірінің 7-ден артық және 3-тен кем болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,7; В. 0,5; С. 0;
Д. 0,3; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

72. Екі ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлардың қосындысы үшке тең болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/6; В. 1/2; С. 1/36;
Д. 1/18; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

73. 5 орындығы бар ұзын (бірқатарлы) столға 5 адам кездейсоқ түрде отырады. Белгілі екі адамның қатар отыру ықтималдығын табыңыз.

А. 2/5; В. 1/5!; С. 1/3;
Д. 1/12; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

74. Дөңгелек столды жағалай 5 адам кездейсоқ түрде отырады. Белгілі екі адамның қатар отыру ықтималдығы қандай?

А. 2/5; В. 1/2; С. 1/3;
Д. 1/15; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

75. Қорапта 6 қызыл, 4 көк, 2 сары қарындаш бар. Кездейсоқ 3 қарындаш алынған. Олардың әртүрлі түсті болу ықтималдығы қандай?

А. 1/4; В. 1/3; С. 12/55;
Д. 7/45; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

4-модуль

76. Фирмада 2 аудитор, 4 программист жұмыс істейді. Жолсапарға 3 адам жіберілген. Жолсапарға кеткендердің ішінде 1 аудитор, 2 программист болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/6; В. 1/12; С. 3/5;
Д. 2/5; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

77. Халық банкінің 10 бөлімшесінің 5-і қаланың ортасында орналасқан. Тексеру үшін кездейсоқ 3 бөлімше алынған. Осылардың екеуінің қаланың орталығында орналасқан болу ықтималдығы қандай?

А. 5/12; В. 7/9; С. 3/10;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

78. Қорапта 1,2,3,4,5,6 сандарымен нөмірленген бірдей 6 шар бар. Барлық шарлар бір-бірден қайтарымсыз алынады. Алынған шарлардың нөмірлері өсу ретімен орналасу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/2; В. 2/3; С. 1/6!;
Д. 4/15; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

79. Сөреге кездейсоқ ретпен үш томдық жинақ қойылған. Кітаптардың солдан оңға қарай том нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылу ықтималдығы қандай?

А. 1/2; В. 1/6; С. 2/3;
Д. 1/4; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

80. Бес билеттің екеуі ұтады. Осы билеттердің ішінен кездейсоқ алынған екі билеттің біреуі ұтатын билет болуының ықтималдығын табыңыз.

А. 3/5; В. 7/10; С. 5/12;
Д. 4/9; Е. 2/5.

81. Мерген ондыққа, тоғыздыққа, сегіздікке сәйкесінше 0,3; 0,2; 0,1 тең ықтималдықпен тигізеді. Мерген бір рет атқанда тигізген ұпайы 9-дан кем болмау ықтималдығын табыңыз.

А. 0,5; В. 0,6; С. 0,4;
Д. 0,2; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

82. Үш ойын сүйегін бір уақытта лақтырғанда олардың әрқайсысында бірдей ұпайлар түсуінің ықтималдығын табыңыз.

А. 1/36; В. 1/12; С. 1/6;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

83. Он шарды он жәшікке Максвелл-Больцман статистикасына сәйкес кездейсоқ үлестіргенде нөмірі бірінші жәшіктің бос болу ықтималдығы неге тең?

А. $\frac{1}{10^{10}}$; В. $\frac{9}{10^{10}}$; С. $\left(\frac{9}{10}\right)^{10}$;
Д. $\frac{9}{10}$; Е. $\frac{1}{10}$.

84. 6 студенттен тұратын топта 3 озат студент бар. Тізім бойынша кездейсоқ 4 студент таңдап алынған. Таңдап алынғандардың ішінде 2 озат студент болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/3; В. 3/5; С. 1/2;
Д. 2/5; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

85. 10 электр шамының ішінде 3-і сапасыз. Кездейсоқ таңдап алынған 2 шамның екеуінің де сапасыз болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/15 В. 1/3; С. 1/25;
Д. 1/4; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

86. Екі тиын лақтырылған. Екеуінде де герб түсу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/2; В. 1; С. 1/4;
Д. 1/6; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

87. Ойын сүйегі бір рет лақтырылған. Түскен ұпай жұп ұпай болуының ықтималдығын табыңыз.

А. 0,5; В. 0,25; С. 0;
Д. 1; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

88. Бес билеттің екеуі ұтады. Кездейсоқ алынған екі билеттің кемінде біреуі ұтатындығының ықтималдығын табыңыз.

А. 7/10; В. 8/10; С. 6/10;
Д. 5/10; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

89. Тиын үш рет лақтырылған. Гербтің түсу саны екіден кем болмайтындығының ықтималдығын табыңыз.

А. $p = 0.5$; В. $p = 0.6$; С. $p = 0.4$;
Д. $p = 0.2$; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

90. Жеті қабат үйдің бірінші қабатында лифтке үш адам кірген. Олардың әрқайсысы 2-шіден бастап жоғарғы қабаттардың кез келгенінде бірдей ықтималдықпен шығуы мүмкін. Олардың барлығының 7-қабатта шығу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/4; В. 1/3; С. 1/216;
Д. $1/7^3$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

91. Кездейсоқ телефон нөмірлері алынған. Нөмірлер 5 цифрдан тұрады және барлық комбинациялар тең ықтималдықты деп есептеп, телефонның барлық цифрларының бірдей болу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/10; B. 0,0001; C. 0,0009; Д. 0,0002; E. 0,001.

92. Шахмат тақтасының 64 шаршысына кездейсоқ түрде ақ және қара түсті екі ладья қойылды. Қандай ықтималдықпен олар бір-бірін жей алмайды?

A. 7/8; B. 1/64; C. 7/9; Д. 2/31; E. 1/2.

93. A мен B және олардан басқа 8 адам кезекке тұрады. Онда A және B-ның бір-бірінен үш адамнан кейін тұру ықтималдығын табыңыз.

A. 2/5; B. 2/15; C. 8/15; Д. 2/3; E. 1/2.

94. Абонент телефон нөмірінің соңғы екі цифрын ұмытып қалған, сондықтан ол цифрларды кездейсоқ алады. Оған үштен артық емес жерге телефон соғуға тура келетіндігінің ықтималдығын табыңыз.

A. 0,6; B. 0,90; C. 0,8; Д. 0,7; E. 0,91.

95. Жеті қабат үйдің бірінші қабатынан лифтке 3 адам кірді. Әрбір адам бірдей ықтималдықпен екінші қабаттан бастап кез-келген қабатта шыға алады. Барлық адам төртінші қабаттан шығу ықтималдығын табыңыз.

A.1/216; B. 1/36; C. 7/9; Д. 3/7; E. 4/7.

96. Жеті қабат үйдің бірінші қабатынан лифтке 3 адам кірді. Әрбір адам бірдей ықтималдықпен екінші қабаттан бастап кез келген қабатта шыға алады. Барлық адам бір қабаттан шығу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/216; B. 1/36; C. 7/9; Д. 3/7; E. 4/7.

97. Жеті қабат үйдің бірінші қабатынан лифтке 3 адам кірді. Әрбір адам бірдей ықтималдықпен екінші қабаттан бастап кез келген қабатта шыға алады. Адамдар әртүрлі қабаттан шығу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/216; B. 1/36; C. 7/9; Д. 5/54; E. 4/7.

98. Үш ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлардың қосындысы 11−ге тең болу ықтималдығы неге тең?

A. 1/5; B. 1/216; C. 1/32; Д. 1/8; E.1/7.

99. Үш ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлардың қосындысы 12−ге тең болу ықтималдығы неге тең?

A. 5/216; B. 1/216; C. 25/216; Д. 21/216; E. 1/2.

100. Шахмат турниріне жиырма адам қатысқан Оларды он-оннан екі топқа бөлген. Ең мықты екі ойыншының әртүрлі топта ойнау ықтималдығын табыңыз.

A. 10/19; B. 1/21; C. 1/32; Д. 1/8; E. 1/7.

5-модуль

101. Шахмат турниріне жиырма адам қатысқан Оларды он-оннан екі топқа бөлген. Ең мықты төрт ойыншының екі-екіден әртүрлі топта ойнау ықтималдығын табыңыз.

A. 0,418; B. 0,454; C. 0,056 Д. 0,678; E. 0,567.

102. 32 ойын картасынан кездейсоқ 10 карта алынған. Алынған карталардың ішінде 8 карта бірдей мастты болу ықтималдығын табыңыз .

A. 1/45678; B. 1/45498; C. 1/58435;
Д. 1/56678; E. 1/45567.

103. 32 ойын картасынан кездейсоқ 4 карта алынған. Алынған карталардың ішінде ең болмағанда бір түз болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,78; В. 0,49; С. 0,35; Д. 0,43; Е. 0,67.

104. 3; 3; 3; 3; 4; 4; 5; 5; 6; 6; 6 сандары жазылған он карточкадан кездейсоқ екі карточка бірінен соң бірі алынған. Бірінші алынған карточкадағы сан бөлшектің алымына, екіншісі бөлшектің бөліміне жазылған. Онда осы бөлшектің дұрыс бөлшек болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,678; В. 0,498; С. 0,435; Д. 0,668; Е. 0,400.

105. Үш тиын бір уақытта лақтырылған. Дәл екі рет «герб» түсуінің ықтималдығын табыңыз.

А. 3/8; В. 1/2; С. 5/8; Д. 2/3; Е. 1/4.

106. Екі ойын сүйегі лақтырылған. Түскен ұпайлардың қосындысы 5-ке, көбейтіндісі 4-ке тең болуының ықтималдығын табыңыз.

А. 1/6; В. 5/36; С. 1/18; Д. 1/9; Е. 1/36.

107. 100-ден аспайтын кез келген натурал сан алынған. Осы санды 9-ға бөлгенде 2 қалдық қалуының ықтималдығын табыңыз.

А. 0,24; В. 0,10; С. 0,12; Д. 0,08; Е. 0,06.

108. Сөреде 1,2,3 нөмірлерімен белгіленген 3 томдық кітап тұр. Томдар нөмірлерінің орналасу мүмкіндіктері бірдей ықтималды деп есептейік. Онда ең болмағанда бір томның орын нөмірі өз нөмірімен сәйкес келуінің ықтималдығын табыңыз.

А. 1/6; В. 5/6; С. 2/3; Д. 1/3; Е. 1/2.

109. Екі құты берілген. І-ші құтыда a - ақ , b - қара шар бар, ал ІІ-ші құтыда c - ақ , d - қара шар бар. Әрбір

құтыдан бір-бірден шар алынған. Алынған екі шар да ақ шар болуының ықтималдығын табыңыз.

А. $\dfrac{a+c}{a+b+c+d}$; В. $\dfrac{ac}{(a+b)(c+d)}$;

С. $\dfrac{ac}{a+b+c+d}$; Д. $\dfrac{a+c}{(a+b)(c+d)}$;

Е. Дұрыс жауабы жоқ.

110. Үлкен қаладағы кездейсоқ алынған автомобильдің нөмірі төрт орынды сан. Осы автомобильдің нөмірінің цифрлары әр түрлі болу ықтималдығын табыңыз,

А. 0,506; В. 0,504; С. 0,505; Д. 0,503; Е. 0,507.

111. Топта 8 адам бар. Сұраққа жауап беру үшін кездейсоқ екі адам таңдап алынған. Таңдап алудың қанша әдісі бар?

А. 16; В. 4; С. 8!; Д. 28; Е. 35.

112. Топта 12 адам бар. Олардың ішінен төраға мен оның орынбасарын сайлау керек. Таңдаудың қанша әдісі бар?

А. 6; В. 12; С. 24; Д. 120; Е. 132.

113. Шахмат турниріне 8 адам қатысады. Егер кез келген екі ойыншы бір партиядан ойнайтыны белгілі болса, онда турнирде барлығы қанша партия ойналуы тиіс?

А. 28; В. 12; С. 56; Д. 4; Е.38.

114. Конкурсқа қатысушы 5 адамның өнер көрсету реті жеребемен анықталады. Жеребе тастаудың қанша әртүрлі жолы бар?

А. 28; В. 25; С. 5!; Д. 5; Е. $\dfrac{5!}{3!}$.

115. Сөреге бес томдық таңдамалар жинағы кездейсоқ ретпен қойылған. Сөредегі кітаптарды қанша әдіспен орналастыру мүмкіндігі бар?

A. 110; B. 120 ; C. 24; Д. 14; E. 15.

116. Фирмада 9 программист жұмыс істейді. Іссапарға 3 адамнан тұратын топты жіберу керек. Мұны қанша тәсілмен орындауға болады?

A. 18; B. 3; C. 84; Д. 21; E. 82.

117. Халық банкінің 10 бөлімшесінен тексеруге кездейсоқ 3-і алынады. Мұны қанша әдіспен жасауға болады?

A. 30; B. 120; C. 9; Д. 28; E.140.

118. Ц, С, Е, В, Н, И әріптерінен неше алмастыру жасауға болады?

A. 720; B. 120; C. 620; Д. 360; E. 60.

119. Шахмат тақтасынан бір горизонталдың және бір вертикалдың бойында жатпайтындай етіп бір ақ және бір қара шаршыны қанша түрлі әдіспен таңдап алуға болады?

A. 992; B. 1024; C. 768; Д. 2016; E. 496.

120. 1,2,3,4,5 сандарынан 4-ке бөлінетін төрт таңбалы қанша сан құрастыруға болады? Әр цифр санның жазуында бірнеше рет кездесуі мүмкін деп есептеңіз.

A. 100; B. 125; C. 4^5; Д. 5^4; E. $4\cdot 5^3$.

121. 5 ер адам және 5 әйел адамды дөңгелек столдың басына ешқандай бір жынысты адамдар қатар отырмайтындай етіп қанша түрлі әдіспен отырғызуға болады?

A.12000; B. 14400; C. 120; Д. 240; E. 28800.

122. 7 ер адам және 7 әйел адамды дөңгелек столдың басына ешқандай екі әйел адам қатар отырмайтындай етіп қанша түрлі әдіспен отырғызуға болады?

A. $2\cdot(7!)^2$; B. $2\cdot 7!$; C. $(7!)^2$; Д. $7!$; E. C_7^2.

123. Жоғары оқу орнының белгілі бір мамандығына оқуға түскен студенттер тобындағы студенттердің әрқайсысы ең болмағанда бір шетел тілін біледі. Оның ішінде алтауы ағылшынша, алтауы- немісше, жетеуі-орысша біледі. Төртеуі ағылшынша және немісше, үшеуі-немісше және орысша, екеуі-орысша және ағылшынша тіл біледі. а) Топта қанша студент бар? ә) Олардың қаншасы тек ағылшынша тіл біледі? б) Қаншасы тек орысша біледі?

A. а) 10; ә) 2; б) 1; B. а) 12; ә) 3; б) 4;
C. а) 11; ә) 1; б) 3; Д. а) 11; ә) 3; б) 1;
E. а) 12; ә) 4; б) 3.

124. Төбелері берілген дөңес алтыбұрыштың төбелері болатын қанша үшбұрыш бар?

A. 16; B. 40; C. 36; Д. 20; E. 18.

125. 10 шарды 10 жәшікке кез келген шар кез келген жәшікке бірдей ықтималдықпен түсетіндей етіп кездейсоқ үлестірген болса, онда бірде-бір жәшіктің бос болмау ықтималдығы неге тең?

A. $\frac{1}{10^{10}}$; B. $\frac{10}{10^{10}}$; C. $\frac{9!}{10^{10}}$; Д. $\frac{10!}{10^9}$; E. $\frac{9!}{10^9}$.

III. ТӘУЕЛСІЗДІК. БЕРНУЛЛИ СХЕМАСЫ ЖӘНЕ МУАВР-ЛАПЛАС, ПУАССОН ТЕОРЕМАЛАРЫ

6-модуль

126. Дүкенге келген адамның тауар сатып алу ықтималдығы 0,1. Егер адамдар тауарды бір-біріне тәуелсіз түрде сатып алатын болса, онда дүкенге келген 4 адамның кемінде біреуінің тауар сатып алу ықтималдығы неге тең?

А. 0,9999; В. 0,3439; С. 0,0001;
Д. 0,6561; Е. 0.91.

127. Екі жәшікке бұйымдар салынған. Біріншісінде 5 бұйым бар, оның ішінде екеуі жарамсыз; екіншісінде 8 бұйым бар, оның ішінде үшеуі жарамсыз. Әр жәшіктен кездейсоқ бір бұйымнан алынады. Алынған бұйымдардың екеуі де жарамды болу ықтималдығын табыңыз.

А. $p=3/20$; В. $p=3/18$; С. $p=3/13$;
Д. $p=1/2$; Е. $p=3/10$.

128. Үш мерген нысананы көздеп оқ атады. Бірінші мергеннің оқты нысанаға дәл тигізу ықтималдығы - 0,4; екіншісінікі - 0,5; үшіншісінікі - 0,6. Мергендердің әрқайсысы бір оқтан атады. Егер нысана екі оқ тигенде қирайтын болса,онда нысананың қирау ықтималдығы неге тең?

А. $p=0{,}44$; В. $p=0{,}56$; С. $p=0{,}50$;
Д. $p=0{,}54$; Е. $p=0{,}55$.

129. Нысанаға бір рет оқ атқанда мергеннің нысанаға оқты дәл тигізу ықтималдығы 0,6. Оқтар қашан нысанаға дәл тигенше атыла береді. Нысанаға атылған оқ саны 4-тен аспауының ықтималдығын табыңыз.

А. $p=0{,}9744$; В. $p=0{,}8744$; С. $p=0{,}864$;

Д. $p=0{,}8122$; Е. $p=0{,}97$.

130. Үш мерген нысанаға бір-бір оқтан атады. Біріншісінің оқты дәл тигізу ықтималдығы 0,5; екіншісінікі - 0,6; үшіншісінікі -0,7. Нысанаға бір ғана оқ тигендігінің ықтималдығын табыңыз.

А. $p=0{,}29$; В. $p=0{,}39$; С. $p=0{,}49$;
Д. $p=0{,}15$; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

131. Үш мерген нысанаға бір-бір оқтан атады. Біріншісінің оқты дәл тигізу ықтималдығы 0,5; екіншісінікі - 0,6; үшіншісінікі - 0,7. Нысанаға бір де бір оқ тимегендігінің ықтималдығын табыңыз.

А. 0,07; В. 0,05; С. 0,06;
Д. 0,08; Е. 0,09.

132. Бірінші станокта жасалған бұйымның бірінші сортты болу ықтималдығы 0,7. Осындай бұйым екінші станокта жасалса, онда бұл ықтималдық 0,8-ге тең болады. Бірінші станокта екі бұйым, екінші станокта үш бұйым жасалған. Барлық бұйымдардың бірінші сортты болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,129; В. 0,319; С. 0,419;
Д. 0,251; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

133. A және B оқиғалары үйлесімсіз, $P(A)\neq 0$ және $P(B)\neq 0$. Осы оқиғалар тәуелсіз бе?

А. Жоқ.; В. Иә; С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. Кейде тәуелді, кейде тәуелсіз болуы мүмкін;
Е. $P(A)=1$ болса, онда тәуелсіз.

134. AB аралығында мотоцикл айдаушыға 12 бөгет қойылған. Мотоциклшінің олардың әрқайсысында тоқтау ықтималдығы 0,1. В пунктінен соңғы C пунктіне дейін мотоцикл айдаушы тоқтаусыз жету ықтималдығы 0,7-ге тең.

AC аралығында ешқандай тоқтау (аялдама) болмайтындығының ықтималдығын табыңыз.

A. $p=0.7^{12}\cdot 0.9$; B. $p=0.9^{12}\cdot 0.7$; C. $p=0.9^{12}\cdot 0.3$;

Д. Дұрыс жауабы көрсетілмеген; E. $p=0.9^{10}\cdot 0.7$.

135. Үш тиын бірдей уақытта тәуелсіз түрде 20 рет лақтырылғанда кемінде бір рет үш герб түскен болуының ықтималдығын табыңыз.

A. $\left(\frac{7}{8}\right)^{20}$; B. $1-\left(\frac{7}{8}\right)^{20}$; C. 1/2;

Д. 1/3; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

136. Байланыс желісі арқылы хабар бергенде бір таңбаның дұрыс берілмеу ықтималдығы p. Тәуелсіз берілген он таңбаның ішінде дәл біреуі дұрыс берілмеген болу ықтималдығын табыңыз.

A. $10p(1-p)^9$; B. p; C. $p(1-p)^9$;

Д. $(1-p)^9$; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

137. Сынақ үш ойын сүйегін лақтырудан тұрады. Осы сынақты 5 рет тәуелсіз қайталағанда 2 рет (1,1,1) нәтижесі шығу ықтималдығын табыңыз.

A. 215/216; B. $C_5^2\,\frac{215^3}{216^5}$;

C. $C_5^2\,\frac{215^3}{216^3}$; Д. $C_5^2\,\frac{5^3}{6^5}$;

E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

138. Бұйымның стандартты бұйым болу ықтималдығы 0,8. Үш бұйымның арасында жарамсыздар саны бірден

артпауының ықтималдығын табыңыз.

A. 0,896; B. 0,425; C. 0,769;

Д. 0,715; E. 0,812.

139. Тәуелсіз 4 сынақта A оқиғасының кемінде бір рет пайда болу ықтималдығы 0,8. Егер әр сынақта A оқиғасының пайда болу ықтималдығы бірдей болса, онда A оқиғасының бір сынақта пайда болу ықтималдығы неге тең?

A. $p=1-\sqrt[4]{0.2}$; B. $p=1-\sqrt[4]{0.8}$; C. $p=\sqrt[4]{0.8}$;

Д. $p=\sqrt[4]{0.2}$; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

140. Бір атқанда оқты ондыққа дәл тигізу ықтималдығы 0,2. Ондыққа ең болмағанда бір рет тигізу ықтималдығы 0,8-ден артық болу үшін ең кемі неше оқ атылуы керек?

A. 7; B. 6; C. 5;

Д. 8; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

141. Егер 100 тәуелсіз сынақ үшін A оқиғасының пайда болуының ең ықтимал табыс саны 10-ға тең болса, онда әр сынақта A оқиғасының пайда болу ықтималдығы неге тең?

A. $\frac{10}{101}\le p\le\frac{11}{101}$; B. $\frac{9}{100}\le p\le\frac{10}{100}$;

C. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;

Д. $\frac{10}{101}< p\le\frac{11}{101}$; E. $\frac{10}{101}\le p<\frac{11}{101}$.

142. Жоғары сортты бұйым жасау ықтималдығы 0,87. Кездейсоқ таңдап алынған 100 бұйымнан тұратын партиядағы жоғары сортты бұйымның ең ықтимал саны неге тең?

A. $\mu=86$; B. $\mu=87.87$; C. $\mu=87$;

Д. Дұрыс жауабы көрсетілмеген; E. $\mu=88$.

143. Егер оқиғаның әр сынақта пайда болу ықтималдығы 0,2 болса, 400 сынақта оқиға 112 рет пайда болуының ықтималдығын Муавр-Лапластың жергіліктілік формуласын пайдаланып жуықтап есептеңіз.

A. $P_{400}(112) \approx 1/8 \cdot \varphi(4)$; B. $P_{400}(112) \approx \varphi(4)$;
C. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. $P_{400}(112) \approx 1/8$; E. $P_{400}(112) \approx 1/8 \cdot \varphi(30/8)$.

144. 1000 тәуелсіз сынақтың әрқайсысында оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,8. Оқиғаның пайда болуының жиілігі оның ықтималдығынан айырмасы абсолют шамасы бойынша 0,01-ден артпайтындығының ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып жуықтап есептеңіз.

A. Дұрыс жауабы көрсетілмеген; B. $P \approx \Phi_0\left(\sqrt{10}/4\right)$;
C. $P \approx 2\Phi_0\left(\sqrt{10}/4\right)$; Д. $P \approx 2\Phi_0\left(\sqrt{10}\right)$;
E. $P \approx 2\Phi_0(10/4)$.

145. Байланыс желісі арқылы 1000 белгі берілген. Әр белгі басқаларына тәуелсіз түрде 0,005 тең ықтималдықпен қате (бұзылып) беріледі. Қате берілген белгілердің саны үштен артпауының ықтималдығын Пуассон теоремасын пайдаланып жуықтап есептеңіз.

A. 0,13245; B. 0,51521; C. 0,34412;
Д. 0,26502; E. 0,62734.

146. Бернулли формуласын көрсетіңіз:

A. $P_n(m_1, m_2, ..., m_k) = \dfrac{n!}{m_1!\, m_2! ... m_k!} p_1^{m_1} \cdots p_k^{m_k}$;

B. $P(m) = \dfrac{\lambda^m}{m!} e^{-\lambda}$, $m = 0,1,2,...$;

C. $P_n(m) = C_n^m p^n (1-p)^{n-m}$;

Д. $P_n(m) = \dfrac{1}{\sqrt{np(1-p)}} \varphi(x)$;

E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

147. Пуассон формуласын көрсетіңіз:

A. $P_n(m_1, m_2, ..., m_k) = \dfrac{n!}{m_1! m_2! ... m_k!} p_1^{m_1} \cdots p_k^{m_k}$;

B. $P(m) = \dfrac{\lambda^m}{m!} e^{-\lambda}$, $m = 0,1,2,...$;

C. $P_n(m) = C_n^m p^n (1-p)^{n-m}$;

Д. $P_n(m) = \dfrac{1}{\sqrt{np(1-p)}} \varphi(x)$;

E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

148. Муавр-Лапластың төңіректік (жергіліктілік) формуласы қай қатынаспен берілген?

A. $P_n(m_1, m_2, ..., m_k) = \dfrac{n!}{m_1! m_2! ... m_k!} p_1^{m_1} \cdots p_k^{m_k}$;

B. $P(m) = \dfrac{\lambda^m}{m!} e^{-\lambda}$, $m = 0,1,2,...,\ \lambda = np$;

C. $P_n(m) = C_n^m p^n (1-p)^{n-m}$;

Д. $P_n(m) \approx \dfrac{1}{\sqrt{np(1-p)}} \varphi(x)$, $x = \dfrac{m - np}{\sqrt{np(1-p)}}$;

E. $P_n(m) \approx \dfrac{1}{\sqrt{np}} \varphi(x)$, $x = \dfrac{m - np}{\sqrt{np(1-p)}}$.

149. Муавр-Лапластың интегралдық формуласының салдары қай қатынаспен берілген?

A. $P\{k_1 \le \mu \le k_2\} \approx \Phi(x_2) - \Phi(x_1)$,

$$x_1 = \frac{k_1 - np}{\sqrt{npq}}, \quad x_2 = \frac{k_2 - np}{\sqrt{npq}};$$

B. $P(m) = \frac{\lambda^m}{n!} e^{-\lambda}$, $m = 0,1,2,...$;

C. $P_n(m) = C_n^m p^n (1-p)^{n-m}$;

Д. $P_n(m) \approx \frac{1}{\sqrt{np(1-p)}} \varphi(x)$;

Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

150. Тиын 4 рет лақтырылған. Дәл 2 рет герб түсу ықтималдығы қандай?

А. 1/2; В. 1/4; С. 3/8;
Д. 1/8; Е.5/8.

7-модуль

151. Тиын 4 рет лақтырылған. Дәл 3 рет герб түсу ықтималдығы қандай?

А. ө В. 1/6; С. 1/8;
Д. 3/8; Е. 4/8.

152. Ойын сүйегі 4 рет лақтырылған. "3" ұпайының дәл 2 рет түсу ықтималдығы қандай?

А. 1/36; В. 1/72; С. 1/8;
Д. 25/216; Е. 23/216.

153. Төрт жәшіктің әрқайсысында 6 ақ, 2 қара шардан бар. Әр жәшіктен кездейсоқ бір-бір шардан алынған. Сонда 2 ақ, 2 қара шардың алыну ықтималдығы қандай?

А. 27/128; В. 6/8; С. 2/8;
Д. 1/27; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

154. Төрт жәшіктің әрқайсысында 6 ақ, 2 қара шардан бар. Әр жәшіктен кездейсоқ бір-бір шардан алынған. Сонда 3 ақ, 1 қара шардың алыну ықтималдығы қандай?

А. 1/64; В. 27/64; С. 1/8;
Д. 1/4; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

155. Төрт жәшіктің әрқайсысында 5 ақ, 15 қара шардан бар. Әр жәшіктен кездейсоқ бір-бір шардан алынған. Сонда 3 ақ, 1 қара шардың алыну ықтималдығы қандай?

А. 3/4; В. 1/32; С. 3/64;
Д. 2/57; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

156. Бернулли схемасы үшін төменде келтірілген шарттардың қайсысы орындалады:
1) сынақтың нәтижесінде оқиғаның пайда болу ықтималдығы алдыңғы сынақ нәтижесінен тәуелсіз;
2) әрбір сынақ нәтижесі екі мүмкін мәнге ие: "табыс" және "сәтсіздік";
3) әрбір сынақ кезінде оқиғаның пайда болу ықтималдығы өзгеріссіз болады;
4) сынақ қашан табыс болғанша қайталанады;
5) әрбір сынақ қашан сәтсіздік болғанша қайталанады;

А. 1)-5); В. 1), 3),4); С. 3)-5);
Д. 1),2),3); Е. 1),2),5).

157. Хабар бергенде бір әріптің бұзылу ықтималдығы 0.2-ге тең. Әріптер тәуелсіз түрде бұзылатын болса, 4 белгіден тұратын хабардың бұзылмай жету ықтималдығы қандай?

А. 0,2396; В. 0,3396; С. 0,6096;
Д. 0,4096; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

158. Оқты бір рет атқанда оқтың нысанаға дәл тию ықтималдығы 0,6-ға тең. 4 рет оқ атылған. Оқтың екі рет нысанаға дәл тию ықтималдығын табыңыз.

А. 0,2456; В. 0,3456; С. 0,4456;

Д. 0,4656; Е. 0,4556.

159. Оқиға өзіне қарама-қарсы оқиғаға тәуелсіз болса, онда оның ықтималдығы

A. нөлге тең;
B. бірге тең;
C. анықталмаған.
Д. не нөлге, не бірге тең;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

160. A_1, A_2, A_3 оқиғалары екеуара тәуелсіз болса, онда

A. A_1A_2 мен A_3 тәуелсіз;
B. $A_1 \cup A_2$ мен A_3 тәуелсіз;
C. $\overline{A}_1$ мен $\overline{A}_2\overline{A}_3$ тәуелсіз;
Д. $\overline{A}_1, A_2, A_3$ екеуара тәуелсіз;
E. A_1, A_2, A_3 тәуелсіз.

161. A, B оқиғалары тәуелсіз болса, онда

A. $BA, \overline{B}$ тәуелсіз; B. $\overline{A}, \overline{B}\,\overline{A}$ тәуелсіз;
C. $A \cup B$ және B тәуелсіз; Д. AB және B тәуелсіз;
E. $A, \overline{B}$ тәуелсіз және $\overline{A}, \overline{B}$ тәуелсіз.

162. A_1, A_2, A_3, A_4 оқиғаларының тәуелсіздігін тексеру үшін біз ең көбі қанша қатынасты тексеруіміз керек?

A. 10; B. 11; C. 12; Д. 13; E. 14;

163. Бернуллидің тәуелсіз сынақтар тізбегінде n-ші табыс $n+k$-ші сынақта пайда болу ықтималдығын табыңыз (табыс ықтималдығы p-ға тең).

A. $C_{n+k-1}^{n} p^n q^k$; B. $C_{n+k}^{n-1} p^n q^{k-1}$;
C. $C_{n+k-1}^{n-1} p^n q^k$; Д. $C_{n+k-1}^{n-1} p^{n+1} q^k$;
E. $C_{n+k-1}^{n-1} p^{n+1} q^{k-1}$.

164. A, B тәуелсіз оқиғалар, $P(AB) \neq 0$, $P(A \cup B) = 1$. Онда

A. $P(A) = 1$; B. $P(A) = 0$, $P(B) = 1$;
C. $P(B) = 1$; Д. $P(A) = 1$ *немесе* $P(B) = 1$;
E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

165. A, B тәуелсіз оқиғалар. Егер $A \cup B$ мен $A \cap B$ оқиғалары тәуелсіз оқиғалар, $P(AB) \neq 0$ болса, онда

A. $P(A) = 1$, $P(B) = 0$; B. $P(A) = 0$, $P(B) = 0$;
C. $P(A) = 1$, $P(B) = 1$; Д. $P(A) = 1$, *не* $P(B) = 1$;
E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

166. Сынақ үш ойын сүйегін лақтырудан тұрады. Бес сынақ нәтижесінде дәл үш рет "алтылық" түсу ықтималдығы неге тең?

A. $6^{-10} \cdot C_5^3$; B. $6^{-12} \cdot C_5^3$; C. $6^{-11} \cdot C_5^3$;
Д. $C_5^3 \cdot \dfrac{25}{6480}$; E. $6^{-15} \cdot C_6^3$.

167. Параметрлері $n = 100$, $p = 0.5$ болатын Бернулли схемасы үшін "табыс" саны μ_n 35 пен 65-тің арасында жату ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып табыңыз.

A. 0,97845; B. 0,99806; C. 0,51608;
Д. 0,93540; E. 0,58403.

168. Параметрлері $n = 100$, $p = 0.5$ болатын Бернулли схемасы үшін "табыс" саны μ_n 47 мен 53-тің арасында жату

ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып табыңыз.

А. 0,97845; В. 0,99806; С. 0,51608;
Д. 0,93540; Е. 0,58403.

169. Параметрлері $n=100$, $p=0.5$ болатын Бернулли схемасы үшін "табыс" саны $0.35 \le \mu_n \le 0.65$ болу ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып табыңыз.

А. 0,97845; В. 0,99806; С. 0,51608;
Д. 0,93540; Е. 0,58403.

170. Параметрлері $n=100$, $p=0.5$ болатын Бернулли схемасы үшін "табыс" саны μ_n $0.47 \le \dfrac{\mu_n}{n} \le 0.53$ теңсіздігін қанағаттандыратын болу ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып табыңыз.

А. 0,97845; В. 0,99806; С. 0,51608;
Д. 0,93540; Е. 0,58403.

171. Бірінші жәшікте 5 ақ және 10 қызыл шар, екіншісінде 10 ақ және 5 қызыл шар бар. Әрбір жәшіктен бір-бірден шар алынған. Онда ең болмағанда бір жәшіктен ақ шар алыну ықтималдығын табыңыз,

А. 1/2; В. 1/30; С. 7/9;
Д. 3/7; Е. 4/7.

172. Бір адамның кезекшілігінде станоктың бұзылу ықтималдығы 0,05-ке тең. Онда 3 кезекшілікте ешқандай станоктың бұзылмау ықтималдығын табыңыз.

А. 0,857375; В. 0,869515; С. 0,871213;
Д. 0,789561; Е. 0,798564.

173. Белгілі бір аймақты бақылаудың нәтижесінде қыркүйек айының 12 күні жаңбырлы күн болатынына көз

жеткізілген. Осы айдын кездейсоқ алынған 8 күнінің 3-еуі жаңбырлы күн болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,2777; В. 0,2787; С. 0.1412;
Д. 0,2154; Е. 0,9412.

174. Жәшіктегі 20 теннис добының 12-і жаңа, 8-і ойналған. Ойнау үшін жәшіктен кездейсоқ екі доп алынып, ойыннан соң қайта жәшікке салынған. Осыдан кейін келесі ойынға тағы кездейсоқ түрде екі доп алынады. Алынған соңғы екі доптың екеуі де жаңа болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,279; В. 0,278; С. 0,141;
Д. 0,215; Е. 0,941.

175. Жүк сақтау бөлмесінде тұрған жүктердің 80%-і чемодандар. Терезе арқылы 50 жүк берілген. Олардың ішінде 38-і чемодан болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,27; В. 0,11; С. 0,14;
Д. 0,21; Е. 0,41.

8-модуль

176. Радиотелеграф станциясы санды текст қабылдайды. Станцияның кез келген санды қате қабылдау ықтималдығы 0,01-ге тең және қабылдау біткенше бұл ықтималдық өзгермейді. Сандар бір-бірінен тәуелсіз түрде қабылданады. 1100 саннан тұратын тексте 7 қате болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,27; В. 0,01; С. 0,04;
Д. 0,08; Е. 0,41.

177. Радиотелеграф станциясы санды текст қабылдайды. Станцияның кез келген санды қате қабылдау ықтималдығы 0,01-ге тең және қабылдау біткенше бұл ықтималдық өзгермейді. Сандар бір-бірінен тәуелсіз түрде қабылданады. 1100 саннан тұратын текстегі қате қабылданған сандардың 20-дан аспау ықтималдығын табыңыз.

A. 0,9927; B. 0,9901; C. 0,9904;
Д. 0,9968; E. 0,9953.

178. Белгілі бір аймақта өсірілген 100 қарбыздың біреуінің салмағы 10 килограммнан артық болады. Осы аймақтан жиналған 4000 қарбыздың дәл үшеуінің салмағы 10 килограммнан артық болу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,227; B. 0,195; C. 0,196;
Д. 0,178; E. 0,141.

179. Белгілі бір аймақта өсірілген 100 қарбыздың біреуінің салмағы 10 килограммнан артық болады. Осы аймақтан жиналған 4000 қарбыздың 2−ден кем емесінің салмағы 10 килограммнан артық болу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,927; B. 0,995; C. 0,996;
Д. 0,969; E. 0,941.

180. Сақтандыру компаниясында бірдей жас шамасындағы және жағдайлары бірдей 10000 адам өмірлерін бір жылға (1-қаңтардан бастап) сақтандырған. Бір жыл ішінде әрбір адамның қайғылы жағдайға ұшырау ықтималдығы 0.006. Сақтанушы адам 1-қаңтарда 12 шартты бірлікке (ш.б.) тең ақша құяды. Егер ол адам қайғылы жағдайға ұшыраса, туыстары компаниядан 1000 ш.б. тең ақша алады. Компанияның банкротқа ұшырау ықтималдығы неге тең?

A. $p = 0{,}1$; B. $p \approx 0{,}03$; C. $p \approx 0{,}02$;
Д. $p \approx 0$; E. $p = 0$.

181. Сақтандыру компаниясында бірдей жас шамасындағы және жағдайлары бірдей 10000 адам өмірлерін бір жылға (1-қаңтардан бастап) сақтандырған. Бір жыл ішінде әрбір адамның қайғылы жағдайға ұшырау ықтималдығы 0.006. Сақтанушы адам 1-қаңтарда 12 шартты бірлікке (ш.б.) тең ақша құяды. Егер ол адам осы жыл ішінде қайғылы жағдайға ұшыраса, туыстары компаниядан 1000 ш.б. тең ақша

алады. Компанияның 40000 ш.б. кем емес шығын жұмсау ықтималдығы неге тең?

A. 0.9987; B. 0.9967; C. 0.9786;
Д. 0.9952; E. 0.9786.

182. Сақтандыру компаниясында бірдей жас шамасындағы және жағдайлары бірдей 10000 адам өмірлерін бір жылға (1-қаңтардан бастап) сақтандырған Бір жыл ішінде әрбір адамның қайғылы жағдайға ұшырау ықтималдығы 0.006. Сақтанушы адам 1-қаңтарда 12 шартты бірлікке (ш.б.) тең ақша құяды. Егер ол адам қайғылы жағдайға ұшыраса, туыстары компаниядан 1000 ш.б. тең ақша алады. Компанияның 60000 ш.б. аспайтын шығын жұмсау ықтималдығы неге тең?

A. $p = 0{,}1$; B. $p \approx 0$; C. $p \approx 0{,}02$;
Д. $p \approx 0{,}5$; E. $p = 0$.

183. Сақтандыру компаниясында бірдей жас шамасындағы және жағдайлары бірдей 10000 адам өмірлерін бір жылға (1-қаңтардан бастап) сақтандырған. Бір жыл ішінде әрбір адамның қайғылы жағдайға ұшырау ықтималдығы 0.006. Сақтанушы адам 1-қаңтарда 12 шартты бірлікке (ш.б.) тең ақша құяды. Егер ол адам қайғылы жағдайға ұшыраса, туыстары компаниядан 1000 ш.б. тең ақша алады. Компанияның 80000 ш.б. кем емес шығын жұмсау ықтималдығы неге тең?

A. 0.00876; B. 0.00675; C. 0.00565;
Д. 0.00480; E. 0.00966.

184. Сақтандыру компаниясында бірдей жас шамасындағы және жағдайлары бірдей 10000 адам өмірлерін бір жылға (1-қаңтардан бастап) сақтандырған. Бір жыл ішінде әрбір адамның қайғылы жағдайға ұшырау ықтималдығы 0.006. Сақтанушы адам 1-қаңтарда 12 шартты бірлікке (ш.б.) тең ақша құяды. Егер ол адам қайғылы жағдайға ұшыраса, туыстары компаниядан 1000 ш.б. тең ақша алады.

Компанияның 50000 ш.б. аспайтын шығын жұмсау ықтималдығы неге тең?

A. 0.9987; B. 0.0998; C. 0.9786;
Д. 0.0976; E. 0.0876.

185. Бір сағаттың ішінде кез келген абоненттің коммутаторға хабарласу ықтималдығы 0,01-ге тең. Телефон станциясы 800 абонентке қызмет етеді. Онда бір сағаттың ішінде бес абоненттің телефон шалу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,0123; B. 0,0916; C. 0,0963;
Д. 0,0956; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

186. 900 тәуелсіз сынақ жүргізілген. Әрбір сынақта A оқиғасының пайда болу ықтималдығы 0,8-ге тең. A оқиғасы пайда болуы 710-нан кіші емес 140-тан артық емес болу ықтималдығын Муавр-Лапластың интегралдық теоремасын пайдаланып табыңыз.

A. 0,7489; B. 0,7498; C. 0,7492 ;
Д. 0,7898; E. 0,7987.

187. Егер A, B тәуелсіз оқиғалар болса, онда

A. $\overline{A}$ және B тәуелсіз оқиғалар;
B. $\overline{A}$ және $\overline{B}$ тәуелсіз оқиғалар;
C. A және $\overline{B}$ тәуелсіз оқиғалар;
Д. Жоғарыдағы тұжырымдардың ешқайсысы дұрыс емес;
E. Жоғарыдағы (A,B,C пункттеріндегі) тұжырымдардың бәрі дұрыс.

188. Егер ξ,η - тәуелсіз кездейсоқ шамалар, $\mathscr{F}_\xi, \mathscr{F}_\eta$ - сәйкес олар арқылы пайда болған σ-алгебралар болса, онда мына тұжырым дұрыс:

A. $\mathscr{F}_\xi$ және $\mathscr{F}_\eta$ тәуелді σ-алгебралар болуы мүмкін;
B. $\mathscr{F}_\xi$ және $\mathscr{F}_\eta$ тәуелсіз σ-алгебралар болуы мүмкін;
C. $\mathscr{F}_\xi$ және $\mathscr{F}_\eta$ тәуелсіз σ-алгебралар болады;
Д. $A \in \mathscr{F}_\xi, B \in \mathscr{F}_\eta$ үшін $P(AB) = P(A)P(B)$ теңдігі орындалуы да, орындалмауы да мүмкін;
E. Әрқашан $\mathscr{F}_\xi \cap \mathscr{F}_\eta = \varnothing$.

189. Егер $P(A) > 0$, $P(B) > 0$ болатын A, B оқиғалары үшін $P(A/B) = P(A)$ болса, онда

A. $P(B/A) = P(B)$; B. $P(B/A) = P(B)$;
C. $P(\overline{A}/B) = P(\overline{A})$; Д. $P(\overline{A}/\overline{B}) = P(\overline{A})$;
E. Алдыңғы төрт жауаптың барлығы дұрыс.

190. A мен B және $\overline{A}$ мен C оқиғалары тәуелсіз болса, онда

A. B мен C оқиғалары тәуелсіз;
B. $\overline{A}$ мен $\overline{C}$ оқиғалары тәуелді;
C. A мен $B \cup C$ тәуелсіз;
Д. Жоғарыда келтірілген үш жауап та қате;
E. Жоғарыда (A,B,C пункттерінде) келтірілген жауаптардың бәрі дұрыс.

191. Бернштейн мысалы A, B, C оқиғаларының екеуара тәуелсіздігінен олардың тәуелсіздігі

A. шығатынын растайды;
B. әрқашан шыға бермейтінін көрсетеді;
C. ешуақытта шықпайтынын көрсетеді;
Д. екеуара тәуелсіздік пен (жиынтықта) тәуелсіздік ұғымдарының эквиваленттілігін көрсетеді;
E. Дұрыс жауап келтірілмеген.

192. A, B - тәуелсіз оқиғалар, $0 < P(B) < 1$ болса, онда $P(A/B) + P(A/\overline{B})$ ықтималдығы мынаған тең:

A. $2P(A)+P(B)$; B. $P(A)$; C. $2P(A)$;
Д. $P(A)+P(B)$; E. $2P(B)$.

193. A, B - тәуелсіз оқиғалар, $0<P(B)<1$ болса, онда $P(A/B)+P(\overline{A}/\overline{B})$ ықтималдығы мынаған тең:

A. $1-P(B)$; B. $P(\overline{A})$; C. $P(A)$;
Д. 0; E. 1.

194. Табысының ықтималдығы p-ға тең болатын n тәуелсіз сынақ кезінде табыс дәл бір рет пайда болған болса, онда оның екінші сынақта пайда болған болу ықтималдығы неге тең?

A. p^2; B. $2/n$; C. $\frac{1}{n}$;
Д. $(1-p)p$; E. $(1-p)^2 p$.

195. Табысының ықтималдығы p-ға тең болатын n тәуелсіз сынақ кезінде табыс дәл екі рет пайда болған болса, онда бұл екі табыстың көрші екі сынақ кезінде пайда болу ықтималдығы неге тең?

A. $\frac{2}{n}$; B. $\frac{1}{n}$; C. $C_n^2 p^2$;
Д. $(n-1)p^2(1-p)^{n-2}$; E. $C_n^2 p^2\left(1-p^{n-2}\right)$.

196. Табысының ықтималдығы p-ға тең болатын n тәуелсіз сынақ кезінде табыс дәл үш рет пайда болған болса, онда бұл үш табыстың көрші сынақтар кезінде пайда болған болу ықтималдығы неге тең?

A. $C_n^3 p^3$; B. $C_n^3 p^3(1-p)^{n-3}$; C. p^3;
Д. $(n-3)!\,p^3$; E. $\frac{6}{n(n-1)}$.

197. $(\Omega, \mathcal{F}, P)$ - ықтималдық кеңістігі, $A, B \in \mathcal{F}$, ал $\mathcal{F}_A, \mathcal{F}_B$ -сәйкес A және B оқиғалары арқылы пайда болған σ- алгебралар болсын. Онда A және B оқиғалары тәуелсіз болу үшін $\mathcal{F}_A, \mathcal{F}_B$ σ-алгебралары тәуелсіз болуы

A. қажетті; B. жеткілікті;
C. қажетті және жеткілікті;
Д. кейде қажетті, кейде жеткілікті;
E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

198. Табысының ықтималдығы p- ға тең болатын Бернуллидің n тәуелсіз сынақтарындағы ең ықтимал табыс саны k^* мына қатынастан анықталады:

A. $k^*=[(n+1)p]$ және $k^*=[(n+1)p]+1$;
B. $k^*=[(n+1)p]-1$, егер $(n+1)p$ -бүтін сан болмаса;
C. $k^*=[(n+1)p]$ және $k^*=[(n+1)p]-1$, егер $(n+1)p$ бүтін сан болмаса; $k^*=[(n+1)p]$, егер $(n+1)p$ бүтін сан болса.
Д. $k^*=[(n+1)p]$, егер $(n+1)p$ бүтін сан болмаса; $k^*=(n+1)p$ және $k^*=(n+1)p-1$, егер $(n+1)p$ бүтін сан болса.
E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

199. Егер барлық адамдардың ішінде солақайлар шамамен 1% болатын болса, онда кездейсоқ алынған 200 адамның ішінде дәл төртеуі солақай болу ықтималдығын Пуассон теоремасын пайдаланып жуықтап есептеңіз.

A. 0,718; B. 0,819; C. 0,918; Д. 0,809; E. 0,9.

200. Егер оқиға өзіне-өзі тәуелсіз болса, онда оның ықтималдығы
A. не нөлге, не бірге тең; B. нөлге тең; C. бірге тең;
Д. ешуақытта нөлге тең болмайды;
E. ешуақытта бірге тең болмайды.

IV. ШАРТТЫ ЫҚТИМАЛДЫҚ. ТОЛЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ЖӘНЕ БАЙЕС ФОРМУЛАЛАРЫ

9-модуль

201. Жәшікте 3 ақ, 3 қара шар бар. Қайтарымсыз, бірінен соң бірі екі шар алынған. Егер бірінші шар қара шар екендігі белгілі болса, екінші шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 3/5; В. 2/5; С. 1/5;
Д. 3/6; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

202. Жәшікте 10 шар бар. Оның 3-і ақ, 3-і қара, 4-і қызыл. Жәшіктен бір-бірлеп қайтарымсыз түрде алынған екі шардың екеуінің де қызыл шар болу ықтималдығы қандай?

А. 2/12; В. 1/12; С. 0,4;
Д. 2/15; Е. 2/11.

203. Жәшікте 12 шар бар. Оның 3-і ақ, 4-і қара, 5-і қызыл. Жәшіктен қайтарымсыз түрде алынған екі шардың екеуінің де ақ шар болу ықтималдығы қандай?

А. 5/11; В. 1/22; С. 3/22;
Д. 3/12; Е. 2/12.

204. Жәшікте 12 шар бар. Оның 5-і ақ, 7-і қызыл. Жәшіктен қайтарымсыз түрде алынған үш шардың үшеуінің де қызыл шар болу ықтималдығы қандай?

А. 6/44; В. 8/44; С. 9/44;
Д. 7/44; Е. 10/44.

205. Жәшікте 12 шар бар. Оның 2-і ақ, 5-і қара, 5-і қызыл. Жәшіктен алынған үш шардың үшеуінің де қара шар болу ықтималдығы қандай?

А. 5/104; В. 5/144; С. 3/144;
Д. 3/132; Е. 3/124.

206. Жәшікте 10 шар бар. Оның 6-ы ақ, 4-і қара. Жәшіктен 2 шар алынған. Екі шардың да қара шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 2/15; В. 2/5; С. 1/3;
Д. 3/5; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

207. Сөмкеде 1-ден 6-ға дейін нөмірленген 6 доп бар. Кездейсоқ екі доп алынған. Олардың 5-ші және 2-ші нөмірлі доп болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/3; В. 1/2; С. 1/6;
Д. 1/15; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

208. Үш аңшы бір уақытта аңға қарай бір-бірден оқ атқан. Аңшылардың жеке-жеке атқанда оқты аңға дәл тигізу ықтималдықтары сәйкес 0.6, 0.5, 0.4. Егер аңға осы оқтардың біреуі ғана тигені белгілі болса, онда аңға үшінші аңшының оғы тиген болу ықтималдығын табыңыз.

А. 8/35; В. 7/25; С. 4/19;
Д. 1/10; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

209. Мергеннің оқты бірінші нысанаға дәл тигізу ықтималдығы 2/3. Егер бірінші атқанда мерген нысанаға дәл тигізген болса, мергенге екінші нысананы атуға рұқсат беріледі. Екі рет оқ атқанда оқтың екі нысанаға да дәл тию ықтималдығы 0,5. Оқтың екінші нысанаға дәл тию ықтималдығын табыңыз.

А. 0,7; В. 0,9; С. 0,75;
Д. 0,8; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

210. Әрқайсысында бір-бір әріптен жазылған 5 бірдей карточка арқылы "қалам" сөзі құрылған. Карточкалар мұқият араластырылған соң біртіндеп бәрі қайта алынған болса, онда карточкалар алыну реті бойынша тізбектей қойылғанда "мақал" сөзінің шығу ықтималдығы неге тең?

A. 1/60; B. 2/66; C. 5/60;
Д. 2/60; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

211. 4 бірдей карточкада Т, З, А, О әріптері жазылған. Карточкалар араластырылып, алыну реті бойынша қатар қойылғанда "АЗОТ" сөзінің шығу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/36; B. 1/12; C.1/24;
Д. 4/9; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

212. 10 бірдей карточкада А, А, А, Т, Т, М, М, Е, И, К әріптері жазылған. Карточкалар араластырылып, алыну реті бойынша қатар қойылғанда "МАТЕМАТИКА" сөзінің шығу ықтималдығын табыңыз.

A. $p=\frac{1}{151200}$; B. $p=\frac{1}{150100}$;
C. $p=\frac{1}{151000}$; Д. $p=\frac{1}{151100}$;
E. $p=\frac{1}{150200}$.

213. 25 емтихан билетінің арасында 5 "жақсы" билет бар. Екі студент бірінен соң бірі бір-бір билеттен алады. Екінші студенттің "жақсы" билет алу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/5; B. 1/6; C. 1/4;
Д. 1/2; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

214. Бірінші жәшікте 4 ақ және 6 қара, ал екіншісінде 7 ақ және 3 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен алынған шар ақ шар болып шықты. Осы шардың бірінші жәшіктен алынған болу ықтималдығын табыңыз.

A. 1/3; B. 2/3; C. 1/4;
Д. 3/4; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

215. Екі жәшік берілген. Біріншісінде 3 ақ және 4 қара, екіншісінде 2 ақ, 6 қара шар бар.Бірінші және екінші жәшіктерден бір-бір шардан алынып, үшінші жәшікке салынады. Сонан соң үшінші жәшіктен бір шар алынады. Осы соңғы шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

A. 19/56; B. 3/7; C. 19/28;
Д. 1/4; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

216. Бірінші автоматтан жарамсыз бұйым шығу ықтималдығы 0,3, екінщіден - 0,15. Екінші автомат біріншіге қарағанда екі есе көп бұйым шығарады. Бұйымдар ортақ конвейерге түседі. Конвейерден кездейсоқ алынған бұйым жарамсыз болу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,3; B. 0,2; C. 0,1;
Д. 0,5; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

217. 3 бірдей жәшік бар. Біріншісінде 5 қара және 3 ақ, екіншісінде 4 қара және 2 ақ, үшіншісінде тек 7 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен бір шар алынады. Бұл шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

A. 17/72; B. 9/72; C. 15/72;
Д. 8/72; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

218. Топта 20 шаңғышы, 6 велосипедші және 4 жүгіргіш бар. Норманы орындау ықтималдығы шаңғышы үшін - 0.9, велосипедші үшін - 0.8, жүгіргіш үшін - 0.75. Топтан кездейсоқ таңдалған спортшының норманы орындау ықтималдығын табыңыз.

A. 0.9; B. 0.86; C. 0.95;
Д. 1; E. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

219. Топта 20 шаңғышы, 6 велосипедші және 4 жүгіргіш бар. Норманы орындау ықтималдығы шаңғышы үшін - 0.9, велосипедші үшін - 0.8, жүгіргіш үшін - 0.75. Топтан кездейсоқ таңдалған спортшының норманы орындамағаны белгілі болды. Оның шаңғышы болу ықтималдығын табыңыз.

A. 0.18; B. 0.67; C.11/21;

Д. 10/21; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

220. Бірінші жәшікте 4 ақ және 6 қара, ал екіншісінде 7 ақ және 3 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен алынған шар ақ шар болып шықты. Осы шардың бірінші жәшіктен алынған болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0.13; В. 0.2; С. 4/11;
Д. 10/11; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

221. Электр шамдары үш заводта дайындалады. Жалпы бар шамдардың 40 процентін бірінші, 45 процентін екінші, қалғанын үшінші завод дайындаған. Орташа есеппен бірінші завод шамдарының ішінде 70 проценті, екінші завод шамдарының ішінде 80 проценті, үшінші завод шамдарының ішінде 90 проценті стандартқа сай. Осы шамдардың арасынан кездейсоқ таңдалған шамның стандартқа сай болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0.8; В. 0.775; С. 0.85;
Д. 1; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

222. Бірінші жәшікте 5 ақ, 2 қара; екінші жәшікте 3 ақ, 7 қара шар бар. Осы екі жәшіктің кездейсоқ таңдалған біреуінен алынған шар ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 71/174; В. 71/140; С. 10/11;
Д. 1/3; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

223. Құрастыру орнына бірінші автоматтан бөлшектердің 30%-і, екіншіден- 25%-і, үшіншіден -45 %-і келіп түседі. Бірінші автоматтан шыққан бөлшектердің 0,1%-і, екіншінің- 0,2%-і, үшіншісінің - 0,4%-і жарамсыз. Құрастыруға түскен бөлшек жарамсыз болу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,0026; В. 0,025; С. 0,012;
Д. 0,045; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

224. Құрастыру орнына бірінші автоматтан бөлшектердің 30%-і, екіншіден- 25%-і, үшіншіден -45 %-і

келіп түседі. Бірінші автоматтан шыққан бөлшектердің 0,1%-і, екіншінің- 0,2%-і, үшіншісінің - 0,4%-і жарамсыз. Құрастыруға түскен бөлшек жарамсыз болып шыққаны белгілі. Жарамсыз болған бөлшек екінші автоматтан шыққандығының ықтималдығын табыңыз.

А. 0,1923; В. 0,2125; С. 0,5125;
Д. 0,4125; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

225. Гүлбаршынның Әсемге телефон арқылы хабараласа алуының үш мүмкіндігі бар. Бірінші телефон соққанда хабарласу ықтималдығы 0,4; екіншісі-0,3; үшіншісі –0,4. Хабарласулар бір-бірінен тәуелсіз. Онда Гүлбаршын мен Әсемнің сөйлесу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,192; В. 0,665; С. 0,512;
Д. 0,664; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

10-модуль

226. 50 бұйымнан тұратын партияда жарамсыздар саны 0; 1; 2 болуы мүмкін және олардың қабылдану ықтималдықтары бірдей. Егер кездейсоқ алынған 10 бұйымның бәрі жарамды екендігі белгілі болса, онда қалған бұйымның барлығы жарамды болуының ықтималдығын табыңыз.

А. 50/147; В. 40/147; С.1/3;
Д. 147/150; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

227. 12 және 10 данадан тұратын бөлшектердің екі партиясы берілген және әр партияда бір-бір жарамсыз бөлшек бар. Бірінші партиядан кездейсоқ алынған бір бөлшек екіншісіне салынып, сосын екінші партиядан кездейсоқ бір бөлшек алынған. Осы соңғы бөлшектің жарамсыз болу ықтималдығын табыңыз.

А. 13/132; В. 12/132; С. 13/132;
Д. 13/132; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

228. Екі жәшікте сәйкесінше 2 және 3 ақ, 1 және 5 қара шар бар. Әр жәшіктен кездейсоқ бір-бір шардан алынады, сонан соң бұл екі шардың біреуі кездейсоқ таңдалады. Осы соңғы шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 7/30; В. 2/5; С. 2/3;
Д. 1/60; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

229. Тирде 5 мылтық бар. Олардың нысанаға дәл тигізу ықтималдықтары сәйкесінше, 0,5; 0,6; 0,7; 0,8 және 0,9. Егер кездейсоқ бір мылтық алынған болса, онда осы мылтықпен атқан оқтың нысанаға дәл тию ықтималдығы неге тең?

А. 0,8; В. 0,9; С. 0,6;
Д. 0,7; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

230. Үш партиядан тұратын бұйымдардың арасынан тексеруге бір бұйым алынған. Егер бір партияда жарамсыздар саны 2:3 қатынасындай, ал қалған екеуінде жарамсыздары жоқ болса, онда кездейсоқ партиядан тексеруге алынған бұйым жарамсыз болу ықтималдығын табыңыз.

А. 2/11; В. 2/15; С. 7/9;
Д. 1/6; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

231. Электр шамы үш партияның біріне, сәйкесінше 0,25; 0,5 және 0,25 ықтималдықтарымен жатуы мүмкін. Электр шамның белгіленген уақыт жұмыс істеу ықтималдығы әр партия үшін сәйкесінше 0,1; 0,2; және 0,4. Электр шамы белгіленген уақыт жұмыс істеу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,225; В. 0,325; С. 0,425;
Д. 0,425; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

232. Екі шары бар жәшікке бір ақ шар салынған. Егер ақ шарлардың бастапқы саны туралы болжамдардың ықтималдықтары бірдей болса, онда жәшіктен кездейсоқ алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. Дұрыс жауабы көрсетілмеген; В. 2/5; С. 2/3;
Д. 1/6; Е. 2/7.

233. Бірдей 10 жәшіктің тоғызында 2 қара және 2 ақ шардан, ал біреуінде 5 ақ және 1 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен бір ақ шар алынған. Осы алынған шар 5 ақ шары бар жәшіктен алынғандығының ықтималдығын табыңыз.

А. Дұрыс жауабы көрсетілмеген; В. 1/8; С. 5/32;
Д. 7/32; Е. 3/32.

234. Үш бұйым салынған жәшіктен кездейсоқ бір бұйым алынған. Жарамсыздар саны тең мүмкіндікті. Егер кездейсоқ алынған бұйым жарамсыз болғаны белгілі болса, онда жәшіктегі жарамсыз бұйымдар саны екіге тең болу ықтималдығын табыңыз.

А. 3/4; В. 2/5; С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. 1/6; Е. 1/3.

235. Үш бұйымнан тұратын партиядан кездейсоқ бір бұйым алынған. Жарамсыздар саны тең мүмкіндікті. Егер кездейсоқ алынған бұйым жарамсыз болғаны белгілі болса, онда бастапқы жарамсыз бұйымдар саны екіге тең болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/6; В. 1/7; С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. 2/3; Е. 2/5.

236. Үш мергеннің әр атқанда оқты нысанаға дәл тигізу ықтималдықтары сәйкесінше 4/5, 3/4, 2/3. Үш мерген нысанаға бір-бір оқтан бірдей уақытта атқанда, нысанаға екі оқ дәл тигені белгілі. Үшінші мергеннің мұлт кеткендігінің ықтималдығын табыңыздар.

А. 6/13; В. 13/90; С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. 7/13; Е. 5/13.

237. Үш мерген аңға бірдей уақытта оқ атқан. Аңға бір оқ тиген. Егер үшеуінің аңға оқты тигізу ықтималдықтары

сәйкесінше, 0,2; 0,4; 0,6 болса, онда аңға бірінші мергеннің оғы тигендігінің ықтималдығы неге тең?

А. 0,103; В. 0,204; С. Дұрыс жауабы көрсетілмеген;
Д. 0,350; Е. 0,045.

238. Байес формуласы деп қай формуланы айтады?

А. $P(A \cdot B) = P(A) \cdot P(B)$;

В. $P(A) = \sum_{k=1}^{n} P(H_k)P(A/H_k)$;

С. $P(H_k / A) = \dfrac{P(H_k)P(A/H_k)}{\sum_{k=1}^{n} P(H_k)P(A/H_k)}$;

Д. Дұрыс жауабы көрсетілмеген ;

Е. $P_n(m) = C_n^m p^m q^{n-m}$.

239. Түрлері бірдей екі жәшік берілген. Бірінші жәшікте 20 ақ шар, екіншісінде- 10 ақ, 10 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен кездейсоқ алынған шар ақ шар болып шықты. Шардың бірінші жәшіктен алынған болу ықтималдығын табыңыз.

А. 2/3; В. 1/12; С. 3/4;
Д. 5/6; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

240. Түрлері бірдей екі жәшік берілген. Бірінші жәшікте 20 ақ шар, екіншісінде- 10 ақ, 10 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен кездейсоқ алынған шар ақ шар болып шықты. Шардың екінші жәшіктен алынған болу ықтималдығын табыңыз.

А. 2/3; В. 1/3; С. 3/4;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

241. Түрлері бірдей екі жәшік берілген. Бірінші жәшікте 5 ақ, 15 қара шар, екіншісінде- 10 ақ, 10 қара шар бар. Кездейсоқ таңдалған жәшіктен кездейсоқ алынған шар

қара шар болған. Шардың бірінші жәшіктен алынған болу ықтималдығын табыңыз.

А.5/8; В. 1/2; С. 3/5;

Д. 6/13; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

242. Түрлері бірдей екі қорап берілген. Бірінші қорапта 4 қызыл қарындаш, екіншісінде- 2 қызыл, 3 жасыл қарындаш бар. Кездейсоқ таңдалған қораптан кездейсоқ алынған қарындаш қызыл қарындаш болып шықты. Қарындаштың бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 2/5; В. 1/3; С. 2/7;
Д. 5/14; Е. 5/7.

243. Түрлері бірдей екі жәшік берілген. Бірінші жәшікте 2 ақ, 6 қызыл шар, екіншісінде- 4 ақ, 6 қызыл шар бар. Кездейсоқ алынған жәшіктен ақ шар алынған. Шардың бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 5/13; В. 1/4; С. 2/7;
Д. 1/3; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

244. Бірінші жәшікте 5 ақ, 10 қара шар, екіншісінде- 3 ақ, 7 қара шар бар. Екінші жәшіктен кездейсоқ түрде бір шар алынып, ол біріншісіне салынған, одан соң бірінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. 4/27; В. 53/160; С. 3/7;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

245. Құтыда 10 ақ, 30 қара шар бар. Құтыдан бір-бірлеп кездейсоқ қайтарымсыз түрде үш шар алынған. Үшінші шардың қара шар болу ықтималдығы неге тең?

А. $\left(\frac{2}{3}\right)^3$; В. $\left(\frac{1}{3}\right)^3$; С. $\left(\frac{1}{3}\right)^2$;

Д. $\frac{1}{3}$; Е. $\frac{3}{4}$.

246. Байес формулалары мына жағдайларда қолданылады:

А. Гипотезалардың ықтималдықтарын табу үшін;
В. Оқиғалардың ықтималдықтарын гипотезалар арқылы қайта бағалау үшін;
С. Гипотезалардың ықтималдықтарын сынақтан кейін қайта бағалау үшін;
Д. Математикалық күтімді табу үшін;
Е. Гипотезалардың дұрыс, бұрыстығын тексеру үшін.

247. Құтыда a - ақ және b - қара шар бар. Кездейсоқ қайтарымсыз түрде бір-бірден барлық шар алынады. Құтыда қалған соңғы шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

А. $\frac{a}{a+b-1}$; В. $\frac{a}{a+b}$; С. $\frac{a-b}{a+b}$;
Д. $\frac{a-b}{a+b-1}$; Е. Дұрыс жауабы жоқ.

248. Бірінші жәшікте 3 ақ, 2 қара шар, ал екінші жәшікте 2 ақ, 3 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,6; В. 0,4; С. 0,5; Д. 0,3; Е. 0,7.

249. Бірінші жәшікте 7 ақ, 3 қара шар, ал екінші жәшікте 2 ақ, 3 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,4; В. 0,5; С. 0,3; Д. 0,1; Е. 0,6.

250. Бірінші жәшікте 2 ақ, 5 қара шар, ал екінші жәшікте 5 ақ, 2 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 1/3; В. 1/4; С. 1/5; Д. 1/2; Е. 2/3.

11-модуль

251. Бірінші жәшікте 3 ақ, 4 қара шар, ал екінші жәшікте 4 ақ, 3 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,5; В. 0,4; С. 0,2; Д. 0,1; Е. 0,7.

252. Бірінші жәшікте 6 ақ, 4 қара шар, ал екінші жәшікте 4 ақ, 6 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,3; В. 0,25; С. 0,2; Д. 0,4; Е. 0,5.

253. Бірінші жәшікте 1 ақ, 3 қара шар, ал екінші жәшікте 3 ақ, 1 қара шар бар. Екі жәшіктен бір-бір шардан алынып, үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Осы соңғы алынған шардың ақ шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,55; В. 0,45; С. 0,35; Д. 0,25; Е. 0,5.

254. Бірінші жәшікте 3 ақ, 2 қара шар, ал екінші жәшікте 2 ақ, 3 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 11/25; В. 12/25; С. 13/25; Д. 14/25; Е. 15/25.

255. Бірінші жәшікте 7 ақ, 3 қара шар, ал екінші жәшікте 3 ақ, 7 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 21/50; В. 11/50; С. 31/50; Д. 41/50; Е. 1/50.

256. Бірінші жәшікте 6 ақ, 4 қара шар, ал екінші жәшікте 4 ақ, 6 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 16/25; В. 15/25; С. 14/25; Д. 13/25; Е. 12/25.

257. Бірінші жәшікте 1 ақ, 3 қара шар, ал екінші жәшікте 3 ақ, 1 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,5; В. 1/8; С. 3/8; Д. 5/8; Е. 7/8.

258. Бірінші жәшікте 2 ақ, 5 қара шар, ал екінші жәшікте 5 ақ, 2 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 29/49; В. 39/49; С. 11/49; Д. 20/49; Е. 19/49.

259. Бірінші жәшікте 7 ақ, 2 қара шар, ал екінші жәшікте 2 ақ, 7 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан

алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 58/81; В. 48/81; С. 18/81; Д. 38/81; Е. 28/81.

260. Бірінші жәшікте 3 ақ, 4 қара шар, ал екінші жәшікте 4 ақ, 3 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан алынған да, олар үшінші бос жәшікке салынған. Сосын үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алынған. Егер осы соңғы шар ақ шар болған болса, онда ол бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 24/49; В. 34/49; С. 14/49; Д. 54/49; Е. 4/49.

261. Бірінші жәшікте 2 ақ, 3 қара, екінші жәшікте 4 ақ, 6 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 1/6; В. 1/5; С. 1/4; Д. 1/2; Е. 1/3.

262. Бірінші жәшікте 3 ақ, 2 қара, екінші жәшікте 6 ақ, 4 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

А. 0,222; В. 0,333; С. 0,7; Д. 0,4; Е. 0,5.

263. Бірінші жәшікте 5 ақ, 3 қара, екінші жәшікте 10 ақ, 6 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

A. 1/3; B. 1/4; C. 1/5; Д. 1/6; E. 1/7.

264. Бірінші жәшікте 1 ақ, 2 қара, екінші жәшікте 2 ақ, 4 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

A. 0,353; B. 0,343; C. 0,323; Д. 0,232; E. 0,333.

265. Бірінші жәшікте 4 ақ, 3 қара, екінші жәшікте 8 ақ, 6 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

A. 0,333; B. 0,222; C. 0.111; Д. 0,1; E. 1,1.

266. Бірінші жәшікте 2 ақ, 5 қара, екінші жәшікте 4 ақ, 10 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

A. 2/3; B. 1/3; C. 1/4; Д. 1/2; E. 1/5.

267. Бірінші жәшікте 3 ақ, 2 қара, екінші жәшікте 6 ақ, 4 қара шар бар. Әр жәшіктен бір-бір шардан кездейсоқ алған да, оларды үшінші бос жәшікке салған. Сосын соңғы үшінші жәшіктен кездейсоқ бір шар алғанда, ол ақ шар болып шыққан. Осы соңғы шардың бастапқыда бірінші жәшіктен алынған шар болу ықтималдығы неге тең?

A. 1/2; B. 1/4; C. 1/3; Д. 1/5; E. 1.

268. $(\Omega, \mathcal{F}, P)$ – ықтималдық кеңістігі, $A \in \mathcal{F}$, $H_i \in \mathcal{F}$,

$H_i H_j = \varnothing \ (i \neq j)$, $\sum\limits_i H_i = \Omega$, $P(H_i) > 0 \quad (i = 1,2,...)$ болсын.

Онда A оқиғасының ықтималдығын мына, толық ықтималдықтар формуласы деп аталатын формула арқылы есептеуге болады:

A. $P(A) = \sum\limits_i P(H_i)P(AH_i)$; B. $P(A) = \sum\limits_i P(H_i)P(H_i / A)$;

C. $P(A) = \sum\limits_i P(H_i / A)P(A / H_i)$; Д. $P(A) = \sum\limits_i P(H_i / A)P(H_i)$;

E. $P(A) = \sum\limits_i P(H_i)P(A / H_i)$.

269. Шартты ықтималдық мына формула арқылы анықталады:

A. $P(A/B) = \dfrac{P(A)}{P(B)} \quad (P(B) > 0)$; B. $P(A/B) = \dfrac{P(AB)}{P(B)} \quad (P(B) > 0)$;

C. $P(A/B) = P(B)P(AB)$; Д. $P(A/B) = \dfrac{P(AB)}{P(A)} \quad (P(A) > 0)$;

E. $P(A/B) = \dfrac{P(B)}{P(A)} \quad (P(A) > 0)$.

270. Ықтималдықтарды көбейту формуласы деп мына формуланы айтамыз:

A. $P(A_1A_2A_3) = P(A_1)P(A_2/A_1)P(A_3/A_1A_2) \qquad (P(A_1A_2) > 0)$;
B. $P(A_1A_2A_3) = P(A_1)P(A_1/A_2)P(A_3/A_1A_2) \qquad (P(A_1A_2) > 0)$;
C. $P(A_1A_2A_3) = P(A_1)P(A_2/A_1)P(A_3/A_2) \qquad (P(A_1) > 0, P(A_2) > 0)$;
Д. $P(A_1A_2A_3) = P(A_3)P(A_3/A_2)P(A_2/A_1) \qquad (P(A_1) > 0, P(A_2) > 0)$;
E. $P(A_1A_2A_3) = P(A_3)P(A_2/A_3)P(A_1/A_2) \qquad (P(A_1) > 0, P(A_3) > 0)$.

271. Урнада n шар бар, оның m шары ақ шар, қалғаны- қара шар. Урнадан бір-бірлеп қайтарымсыз түрде екі шар алынады. Екінші шардың ақ шар болу ықтималдығын табыңыз.

A. $\dfrac{m}{n+m}$; B. $\dfrac{n-m}{n+m}$; C. $\dfrac{n-m}{n}$; Д. $\dfrac{m}{n}$; E. $\dfrac{n}{m}$.

272. Төмендегі қатынастардың қайсысы дұрыс? (Барлық шартты ықтималдықтар анықталған деп есептеңіз).

A. $P(A/B)+P(\overline{A}/B)=1,\quad P(A/B)+P(A/\overline{B})=1;$

B. $P(A/B)+P(\overline{A}/B)=1,$
$P(A\cup B/C)=P(A/C)+P(B/C)-P(AB/C);$

C. $P(A/B)+P(\overline{A}/\overline{B})=1,\quad P(A/B)+P(\overline{A}/B)=1;$

Д. $P(AB/C)=P(A/C)\cdot P(B/C),\quad P(\overline{A}/B)=1-P(A/B);$

E. $P(A/B)=1-P(\overline{A}/B),\quad P(A/B)+P(\overline{A}/\overline{B})=1.$

273. Мына қатынастардың қайсысы дұрыс? ($P(C)>0$ деп есептеңіз).

A. $P(A\cup B/C)=P(A/C)+P(B/C);$

B. $P(A\cup B/C)=P(A/C)+P(B/C)-P(AB/C);$

C. $P(\overline{A}\cup\overline{B}/C)=P(\overline{A}/C)+P(\overline{B}/C);$

Д. $P(\overline{A}\cup\overline{B}/C)=2-P(A/C)+P(\overline{B}/C);$

E. Жоғарыдағы қатынастардың ешқайсысы дұрыс емес.

274. A және B оқиғаларының тәуелсіздігінің анықтамасы қай қатынаспен берілген?

A. $P(A/B)=P(A)\quad (P(B)>0);$

B. $P(AB)=P(A)P(B);$

C. $P(B/A)=P(B)\quad (P(A)>0);$

Д. $P(A/B)=P(B/A);$

E. $P(AB)=P(A)P(B)\quad (P(A)>0,\ P(B)>0).$

275. Табысының ықтималдығы p-ға тең n тәуелсіз Бернулли сынақтарын қарастыралық. Онда n сынақта дәл k табыс болуының ықтималдығы $P_n(k)=C_n^k p^k (1-p)^{n-k}$ формуласымен анықталатыны белгілі. Осы $P_n(k)$ ықтималдығы үшін Пуассон жуықтауы (теоремасы) мына шарттар орындалған жағдайда қолданылады:

A. $n\to\infty,\ p\to 1;$

B. $n\to\infty,\ p=\frac{1}{2};$

C. $n\to\infty,\ p\to 0,\quad np=\lambda_n\to 0;$

Д. $n\to\infty,\ p\to 0,\quad np=\lambda_n\to\lambda>0;$

E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

V. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР. САНДЫҚ СИПАТТАМАЛАР

12-модуль

276. Радиусы R-ге тең үлкен дөңгелек ішінде радиусы r-ге тең кіші дөңгелек орналасқан. Үлкен дөңгелек ішіне кездейсоқ қойылған нүктенің кіші дөңгелек ішіне түсу ықтималдығын табыңыз.

А. r/R; В. r^2/R^2; С. 3.14;
Д. 0.5; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

277. Дөңгелекке іштей дұрыс үшбұрыш сызылған. Дөңгелек ішіне кездейсоқ қойылған нүктенің үшбұрыш ішіне түсу ықтималдығын табыңыз.

А. $\sqrt{3}/4$; В. 0.5; С. 0.7;
Д. $\frac{3\sqrt{3}}{4\pi}$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

278. $[-1,1]$ кесіндісінен кездейсоқ екі нүкте алынған. p және q осы алынған нүктелердің координаталары болсын. $x^2+px+q=0$ теңдеуінің түбірлерінің нақты түбірлер болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/2; В. 13/24; С. 5/8;
Д. 0.3; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

279. Екі кісі аялдамада сағат 10 мен 11 арасында кездесетін және бірінші келгені екіншісін 15 минут күтетін болып келісті. Олардың әрқайсысы аялдамаға 10 мен 11 арасындағы кез келген сәтте келуі мүмкін. Олардың бірін-бірі кездестіру ықтималдығын табыңыз.

А. 11/36; В. 13/36; С. 9/34;
Д. 7/16; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

280. Тең қабырғалы үшбұрыштың ішіне кездейсоқ қойылған нүктенің сол үшбұрышқа іштей сызылған дөңгелек ішіне қойылған болу ықтималдығын табыңыз.

А. 1; В. 0.5; С. $\pi/3$;
Д. $\frac{\pi}{3\sqrt{3}}$; Е. Дұрыс жауабы келтірілмеген.

281. Бірлік квадратқа кездейсоқ нүкте қойылған. Егер ол нүктеден әрбір қабырғаға дейінгі қашықтық 1/6-ден кем емес екені белгілі болса, онда ол нүктеден квадраттың центріне дейінгі қашықтық 1/3-тен артпауының ықтималдығын табыңыз.

А. $\pi/4$; В. $\pi/3$; С. $\pi/5$;
Д. $\pi/6$; Е. $\pi/9$.

282. Радиусы R-ге тең дөңгелекке іштей тең қабырғалы үшбұрыш сызылған. Дөңгелекке кездейсоқ қойылған 4 нүктенің төртеуі де үшбұрыш ішіне түсу ықтималдығын табыңыз.

А. $\left(3\sqrt{3}/4\pi\right)^4$; В. $\left(3\sqrt{3}/\pi\right)^4$; С. $\left(\sqrt{3}/4\pi\right)^4$;
Д. $\left(3/4\pi\right)^4$; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

283. Ұзындығы l-ге тең кесіндіге кездейсоқ нүкте қойылған. Пайда болған екі кесіндінің ұзындығы $4l/5$-тен артпау ықтималдығы неге тең?

А. 3/5; В. 2/5; С. 1/5;
Д. $l/5$; Е. 4/5.

284. Екі адам, А мен В, кешкі 18 бен 19 сағат аралығында бір-бірімен кездесуге уәделескен. Уәделі жерге бірінші келгені екіншісін 15 минут күтеді де, ол келмеген жағдайда кетіп қалады. Екеуінің кездесу ықтималдығы неге тең?

А. 0,4385; В. 0,4370; С. 0,4380;
Д. 0,4390; Е. 0,4375.

285. Екі адам, А мен В, кешкі 18 бен 19 сағат аралығында бір-бірімен кездесуге уәделескен. Уәделі жерге бірінші келгені екіншісін 20 минут күтеді де, ол келмеген жағдайда кетіп қалады. Екеуінің кездесу ықтималдығы неге тең?

А. 4/9; В. 5/9; С. 3/9;
Д. 2/9; Е. 1/9.

286. Екі адам, А мен В, кешкі 18 бен 19 сағат аралығында бір-бірімен кездесуге уәделескен. Уәделі жерге бірінші келгені екіншісін 30 минут күтеді де, ол келмеген жағдайда кетіп қалады. Екеуінің кездесу ықтималдығы неге тең?

А. 0,85; В. 0,7; С. 0,75;
Д. 0,5; Е. 0,6.

287. Екі адам, А мен В, кешкі 18 бен 19 сағат аралығында бір-бірімен кездесуге уәделескен. Уәделі жерге бірінші келгені екіншісін 40 минут күтеді де, ол келмеген жағдай да кетіп қалады Екеуінің кездесу ықтималдығы неге тең?

А. 8/9; В. 7/9; С. 6/9;
Д. 5/9; Е. 4/9.

288. $[0,1]\times[0,1]$ квадратына кездейсоқ нүкте лақтырылған. Айталық, (p,q) осы нүктенің координатасы болсын. $x^2+px+q=0$ теңдеуінің түбірлерінің нақты сандар болу ықтималдығы неге тең?

А. 2/12; В. 1/12; С. 3/12;
Д. 1/10; Е. 4/10.

289. $[-1,1]\times[-1,1]$ квадратына кездейсоқ нүкте лақтырылған. Айталық, (p,q) осы нүктенің координатасы болсын. $x^2+px+q=0$ теңдеуінің түбірлерінің нақты сандар болу ықтималдығы неге тең?

А. 9/24; В. 1/6; С. 11/24;
Д. 10/24; Е. 13/24.

290. $[0,2]\times[0,2]$ квадратына кездейсоқ нүкте лақтырылған. Айталық, (p,q) осы нүктенің координатасы болсын. $x^2+px+q=0$ теңдеуінің түбірлерінің нақты сандар болу ықтималдығы неге тең?

А. 2/9; В. 4/5; С. 3/4;
Д. 1/3; Е. 1/6.

291. Ұзындығы l-ге тең кесіндіге екі нүкте кездейсоқ қойылған. Пайда болған үш кесінді арқылы үшбұрыш құрастыру ықтималдығы неге тең?

А. 4/5; В. 3/4; С. 1/2;
Д. 1/4; Е. 1/3.

292. $\xi \sim Bi(n;p)$. Онда $M\xi^2=?$

А. $np(1-np)$; В. $np(1-p)$;
С. $np(1-p)+n^2p^2$; Д. $np+n^2p^2$;
Е. $np-np^2$.

293. $\xi \sim \Pi(\lambda)$. Онда $\beta_2=M\xi^2=?$

А. λ; В. $\lambda-\lambda^2$; С. $\lambda+\lambda^2$;
Д. $\lambda^2-\lambda$; Е. λ^2.

294. Коши-Буняковский теңсіздігі деп мына теңсіздікті айтамыз:

А. $P\{|\xi - M\xi| > \varepsilon\} \le \dfrac{D\xi}{\varepsilon^2}$; В. $M|\xi\eta| \le M\xi^2 \cdot M\eta^2$;

С. $M|\xi\eta| \le \sqrt{M\xi^2} \cdot \sqrt{M\eta^2}$; Д. $M|\xi\eta| \le D\xi \cdot D\eta$;

Е. $M\xi^2 \cdot M\eta^2 \le (M|\xi\eta|)^2$.

295. ξ, η тәуелсіз, $\sigma = \sqrt{D\xi} = 2$, $D\eta = 1$, $Z = 2\xi - 3\eta$. Z кездейсоқ шамасының орташа квадраттық ауытқуы неге тең?

А. 4; В. ± 4; С. 25; Д. $\sqrt{52}$; Е. 5.

296. Ляпунов теңсіздігі деп мына теңсіздікті айтамыз:

А. $M|\xi\eta| \le \sqrt{M\xi^2}\sqrt{M\eta^2}$; В. $|M\xi| \le M|\xi|$;

С. $\forall\ 0 < s < t$ үшін $\left(M|\xi|^s\right)^{1/s} \le \left(M|\xi|^t\right)^{1/t}$;

Д. кез келген $g(x)$ ойыс функциясы үшін $Mg(\xi) \ge g(M\xi)$;

Е. кез келген $g(x)$ ойыс функциясы үшін $Mg(\xi) \le g(M\xi)$.

297. μ_n -табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің тәуелсіз n сынағындағы табыс саны. Осы сынақтар тізбегі үшін табыс саны мен сәтсіздік санының айырымының математикалық күтімін табыңыз.

А. $2np(1-p)+n$; В. $2np-n$; С. $2np+n$;
Д. $2np(1-p)-n$; Е. $2np(1-p)$.

298. μ_n -табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің тәуелсіз n сынағындағы табыс саны. Осы сынақтар тізбегі үшін табыс саны мен сәтсіздік санының айырымының дисперсиясын табыңыз.

А. $2np(1-p)$; В. $4np(1-p)$; С. $2np+n$;
Д. $4np(1-p)+n$; Е. $4np(1-p)-n$.

299. Мына матрицалардың қайсысы $\xi = (\xi_1, \xi_2, \xi_3)$ векторы үшін ковариациялық матрица бола алады?

$$V_1 = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{pmatrix},\quad V_2 = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 1 \\ 1 & 1 & 1 \\ 1 & 1 & 1 \end{pmatrix},\quad V_3 = \begin{pmatrix} 1 & 2 & 3 \\ 2 & 3 & 4 \\ 3 & 4 & 5 \end{pmatrix},$$

$$V_4 = \begin{pmatrix} 1 & 1 & 1 \\ -1 & 1 & 1 \\ -1 & -1 & 1 \end{pmatrix},\quad V_5 = \begin{pmatrix} 1 & 1 & -1 \\ 1 & 1 & 1 \\ -1 & 1 & 1 \end{pmatrix}.$$

А. V_2, V_4, V_5; В. V_1, V_2, V_5; С. V_1, V_3, V_5;
Д. V_2, V_3, V_4; Е. V_1, V_4, V_5.

300. x-тің қандай мәндерінде $V_1 = \begin{pmatrix} 1 & x & x \\ x & 1 & x \\ x & x & 1 \end{pmatrix}$ ковариациялық матрица бола алады?

А. $|x| \le 1$; В. $|x| > 1$; С. $-1 \le |x| \le 2$;
Д. $x \ne 0$; Е. $-1 \le x < 0$, $0 < x \le 1$.

VI. МАТЕМАТИКАЛЫҚ КҮТІМ

13-модуль

301. Табысының ықтималдығы p-ға тең Бернулли схемасы үшін μ_n арқылы алғашқы n сынақтағы табыс санын белгілелік. Онда мына қатынастардың қайсысы дұрыс?

A. $M\left(\frac{\mu_n}{n}\right)=q=1-p$;
B. $D\left(\frac{\mu_n}{n}\right)=\frac{p(1-p)}{n}$;
C. $D\left(\frac{\mu_n}{n}\right)=\frac{p(1-p)}{n^2}$;
Д. $M\left(\frac{\mu_n}{n}\right)=\frac{p}{n}$;
E. $M\left(\frac{\mu_n}{n}\right)=\frac{p(1-p)}{n}$.

302. Мына формулалардың қайсысы дұрыс:

A. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=M\xi\eta+M\xi\cdot M\eta$;
B. $D(\xi+\eta)=D\xi+D\eta+\operatorname{cov}(\xi,\eta)$;
C. $D(\xi+\eta)=D\xi+D\eta$;
Д. $D(\xi-\eta)=D\xi+D\eta-\operatorname{cov}(\xi,\eta)$;
E. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=M\xi\eta-M\xi\cdot M\eta$

303. $\xi=(\xi_1,\xi_2,...,\xi_n)$ кездейсоқ векторының ковариациялық матрицасы V:

A. кез келген матрица болуы мүмкін;
B. анықтауышы бірге тең матрица;
C. теріс емес анықталған және симметриялы матрица;
Д. анықтауышы теріс емес кез келген матрица;
E. анықтауышы нөлден өзгеше матрица.

304. Дискретті ξ $(P\{\xi=x_k\}=p_k\ ,\ k=1,2,3,...)$ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі қай өрнекпен анықталады?

A. $\sum_k x_k p_k$;
B. $\sum_k x_k^2 p_k$;
C. $\sum_k (x_k-M\xi)^2 p_k$;
Д. $\int_{-\infty}^{+\infty} xp(x)dx$;
E. $\sum_k |x_k| p_k$.

305. Үзіліссіз, тығыздығы $p(x)$ болатын кездейсоқ шаманың математикалық күтімі қай өрнекпен анықталады?

A. $\sum_k x_k p_k$;
B. $\sum_k x_k^2 p_k$;
C. $\sum_k (x_k-M\xi)^2 p_k$;
Д. $\int_{-\infty}^{+\infty} xp(x)dx$;
E. $\int_{-\infty}^{+\infty} (x-a)^2\, p(x)dx$.

306. Дискретті ξ $(P\{\xi=x_k\}=p_k\ ,\ k=1,2,3,...)$ кездейсоқ шамасының дисперсиясы қай өрнекпен анықталады?

A. $\sum_k x_k p_k$;
B. $\sum_k x_k^2 p_k$;
C. $\sum_k (x_k-M\xi)^2 p_k$;
Д. $\int_{-\infty}^{+\infty} xp(x)dx$;
E. $\sum_k x_k^2 p_k+\left(\sum_k x_k p_k\right)^2$.

307. Үзіліссіз тығыздығы $p(x)$ болатын ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы қай өрнекпен анықталады?

A. $\sum_k x_k p_k$; B. $\sum_k x_k{}^2 p_k$;

C. $\sum_k (x_k - M\xi)^2 p_k$; Д. $\int_{-\infty}^{+\infty} (x - M\xi)^2 p(x)dx$;

E. $\int_{-\infty}^{+\infty} (x - M\xi) p(x)dx$.

308. $\sigma = \sqrt{D\xi}$ шамасы қалай аталады?

A. Дисперсия; B. Орташа квадраттық ауытқу;
C. Орта мән; Д. Математикалық күтім;
E. Таңдамалық дисперсия.

309. Параметрі λ болатын Пуассон заңымен үлестірілген ξ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі неге тең?

A. λ; B. 0; C. $1/\lambda$;
Д. $\lambda(1-\lambda)$; E. λ^2.

310. Параметрі λ болатын Пуассон заңымен үлестірілген ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

A. λ; B. 0; C. $1/\lambda$;
Д. $\lambda(1-\lambda)$; E. λ^2.

311. Параметрлері n және p болатын биномдық ξ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі неге тең?

A. np ; B. p ; C. 0;
Д. npq ; E. nq .

312. Параметрлері n және p болатын биномдық кездейсоқ шаманың дисперсиясы неге тең?

A. np ; B. p ; C. 0;
Д. $np(1-p)$; E. $n(1-p)$.

313. Дискретті кездейсоқ шаманың үлестірімі келесі таблицамен берілген:

ξ	-2	-1	0	1
P	1/4	1/4	1/4	1/4

$M\xi$ -ді табыңыз.

A. 1/2; B. 1/4; C. -1/2;
Д. 0; E. $-1/4$.

314. ξ кездейсоқ шамасының үлестірімі - параметрі λ болатын көрсеткіштік үлестірім. $D\xi$ -ді табыңыз.

A. λ; B. λ^2; C. $1/\lambda$;
Д. $1/\lambda^2$; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

315. ξ кездейсоқ шамасының тығыздығы мынандай: $p_\xi(x) = \frac{1}{3\sqrt{2\pi}} e^{-\frac{(x+3)^2}{18}}$. ξ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі мен дисперсиясын табыңыз.

A. $M\xi = -3$, $D\xi = 3$; B. $M\xi = 3$, $D\xi = 3$;
C. $M\xi = -3$, $D\xi = 9$; Д. $M\xi = 0$, $D\xi = 1$;
E. $M\xi = 1$, $D\xi = 3$.

316. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы мынандай $(\alpha > 0)$:

$$F_\xi(x) = \begin{cases} 1 - e^{-\alpha x}, & x \ge 0 , \\ 1, & x > 0 . \end{cases}$$

$M\xi$ -ді табыңыз.

A. $M\xi=\alpha$; B. $M\xi=1/\alpha^2$; C. $M\xi=1/\alpha$;
Д. $M\xi=\alpha^2$; E. $M\xi=1-\alpha$.

317. ξ,η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім заңы келесі кесте түрінде берілген:

η \ ξ	0	1	2	3	4	5
0	0,01	0,05	0,12	0,02	0	0,01
1	0,02	0	0,01	0,05	0,02	0,02
2	0	005	0,1	0	0,3	0,05
3	0,01	0	0,02	0,01	0,03	0,1

$M\{\xi/\eta=1\}$ шартты математикалық күтімін табыңыз.

A. 31/17; B. 35/17; C. 32/12; Д. 35/12; E. 35/12.

318. Шартты математикалық күтім үшін мына формуланың қайсысы дұрыс?

A. $MM(\xi/\eta)=M(\xi/\eta)$; B. $MM(\xi/\eta)=M\xi$;
C. $MM(\xi/\eta)=M(\xi\eta)$; Д. $MM(\xi/\xi)=1$;
E. $MM(\xi/\xi)=M\xi^2$.

319. Үлестірімі келесі кестемен берілген ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

ξ	0	1	2
P	0,1	0,4	0,5

A. 0,44; B. 1; C. 0,5;
Д. 0,36; E. 0,54.

320. Үлестірімі келесі кестемен берілген ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

ξ	-1	0	1
P	0,3	0,2	0,5

A. 0,32; B. 0,76; C. 0,5;
Д. 1,4; E. 0,86.

321. Үлестірімі келесі кестемен берілген ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

ξ	-3	1	3
P	0,3	0,3	0,4

A. 0,45; B. 5,71; C. 6,24;
Д. 2,8; E. 7,13.

322. Үлестірімі келесі кестемен берілген ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

ξ	-2	1	2
P	0,1	0,6	0,3

A. 0,5; B. 1,67; C. 4,71;
Д. 1,2; E. 4,7.

323. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы

$$F_\xi(x)=\begin{cases}0, & x<1,\\ \dfrac{x-1}{2}, & 1\le x\le 3,\\ 1, & x>3.\end{cases}$$

$M\xi$ мен $D\xi$ -ді табыңыз.

A. $M\xi=0$, $D\xi=1/3$; B. $M\xi=1$, $D\xi=0$;
C. $M\xi=2$, $D\xi=1/3$; Д. $M\xi=-1$, $D\xi=1$;

E. $M\xi = -2,\ D\xi = 1/3$.

324. $M\xi = -2$ және $M\eta = 4$ екені белгілі. $M(2\xi - 3\eta)$ неге тең?

A. $M(2\xi - 3\eta) = 0$; B. $M(2\xi - 3\eta) = 12$;
C. $M(2\xi - 3\eta) = 2$; Д. $M(2\xi - 3\eta) = -16$;
E. $M(2\xi - 3\eta) = -10$.

325. $D\xi = 2$ екені белгілі. $D(3\xi - 1)$ неге тең?

A. $D(3\xi - 1) = 5$; B. $D(3\xi - 1) = 6$;
C. $D(3\xi - 1) = 8$; Д. $D(3\xi - 1) = 13$;
E. $D(3\xi - 1) = 18$.

14-модуль

326. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы $(\alpha > 0)$

$$F_\xi(x) = \begin{cases} 1 - e^{-\alpha x}, & x \geq 0, \\ 0, & x < 0. \end{cases}$$

$M\xi$ -ді табыңыз.

A. $M\xi = \alpha$; B. $M\xi = \frac{1}{\alpha}$; C. $M\xi = \frac{1}{\alpha^2}$;

Д. $M\xi = \alpha^2$; E. $M\xi = \frac{1}{1+\alpha}$.

327. ξ және η кездейсоқ шамаларының ковариациясы (белгіленуі - $\mathrm{cov}(\xi,\eta)$) мына теңдікпен анықталады:

A. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = M(\xi\eta) + M\xi \cdot M\eta$;
B. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = M(\xi\eta)$;
C. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = M\xi \cdot M\eta$;
Д. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = M(\xi - M\xi)(\eta - M\eta)$;
E. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = M\xi \cdot M\eta - M(\xi\eta)$.

328. Егер ξ және η кездейсоқ шамалары тәуелсіз болса, онда олардың ковариациясы $\mathrm{cov}(\xi,\eta)$ үшін мына қатынас орындалады:

A. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = 1$; B. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = 0$; C. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) > 0$;
Д. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) < 0$; E. $\mathrm{cov}(\xi,\eta) = -1$.

329. Ерекше емес, яғни бірге тең ықтималдықпен тұрақты шамаға тең болмайтын ξ және η кездейсоқ шамалары тәуелсіз болса, онда олардың корреляция коэффициенті $\rho(\xi,\eta)$ мына қатынасты қанағаттандырады:

A. $|\rho(\xi,\eta)| = 1$; B. $\rho(\xi,\eta) = 0$; C. $\rho(\xi,\eta) > 0$;
Д. $\rho(\xi,\eta) < 0$; E. $\rho(\xi,\eta) = 1$.

330. Дисперсиялары нөлден өзгеше ξ және η кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті (белгіленуі $\rho(\xi,\eta)$) мына теңдікпен анықталады:

A. $\rho(\xi,\eta) = \dfrac{\mathrm{cov}(\xi,\eta)}{\sqrt{D\xi}\sqrt{D\eta}}$;
B. $\rho(\xi,\eta) = M(\xi\eta) + M\xi M\eta$;
C. $\rho(\xi,\eta) = M(\xi\eta) - M\xi M\eta$;
Д. $\rho(\xi,\eta) = \dfrac{\mathrm{cov}(\xi,\eta)}{D\xi \cdot D\eta}$;
E. $\rho(\xi,\eta) = \dfrac{\mathrm{cov}(\xi,\eta)}{\sqrt{M\xi}\sqrt{M\eta}}$.

331. Дисперсиялары нөлден өзгеше ξ және η кездейсоқ шамалары қандай болса да олардың корреляция коэффициенті мына теңсіздікті қанағаттандырады:

А. $|\rho(\xi,\eta)|=1$; В. $0\le\rho(\xi,\eta)\le1$; С. $\rho(\xi,\eta)>1$;
Д. $\rho(\xi,\eta)<1$; Е. $|\rho(\xi,\eta)|\le1$.

332. Дисперсиялары нөлден өзгеше ξ және η кездейсоқ шамалары ақиқат дерлік түрде сызықты тәуелді болса, онда олардың корреляция коэффициенті мына қатынасты қанағаттандырады:

А. $|\rho(\xi,\eta)|=1$; В. $\rho(\xi,\eta)=0$; С. $\rho(\xi,\eta)>0$;
Д. $\rho(\xi,\eta)<0$; Е. $\rho(\xi,\eta)=1$.

333. Кез келген $D\xi<\infty$ мен $D\eta<\infty$ шартын қанағаттандыратын ξ және η кездейсоқ шамалары үшін дұрыс болатын формуланы көрсетіңіз:

А. $D(\xi+\eta)=D\xi+D\eta$; В. $D(\xi+\eta)=D\xi+D\eta+2\operatorname{cov}(\xi,\eta)$;
С. $D(\xi\eta)=D\xi\, D\eta$; Д. $D(\xi/\eta)=D\xi/D\eta$;
Е. $D(\xi-\eta)=D\xi-D\eta$.

334. $D\xi=4$, $D\eta=9$ және $D(\xi+\eta)=12$ екені белгілі. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)$-ны табыңыз.

А. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=-1/2$; В. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=1$;
С. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=0$; Д. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=2$;
Е. $\operatorname{cov}(\xi,\eta)=-2$.

335. $D\xi=4$, $D\eta=9$ және $D(\xi+\eta)=12$ екені белгілі. Корреляция коэффициенті $\rho(\xi,\eta)$-ны табыңыз.

А. $\rho(\xi,\eta)=-1/2$; В. $\rho(\xi,\eta)=1/2$; С. $\rho(\xi,\eta)=0$;
Д. $\rho(\xi,\eta)=1/12$; Е. $\rho(\xi,\eta)=-1/12$

336. Чебышев теңсіздігін көрсетіңіз:

А. $P(\omega:|\xi(\omega)-M\xi|\ge\varepsilon)\le\dfrac{M\xi}{\varepsilon}$ $(\forall\varepsilon>0)$;

В. $P(\omega:|\xi(\omega)-M\xi|\ge\varepsilon)\le\dfrac{M\xi}{\varepsilon^2}$ $(\forall\varepsilon>0)$;

С. $P(\omega:|\xi(\omega)-M\xi|\ge\varepsilon)\le\dfrac{D\xi}{\varepsilon}$ $(\forall\varepsilon>0)$;

Д. $P(\omega:|\xi(\omega)-M\xi|\ge\varepsilon)\le\dfrac{D\xi}{\varepsilon^2}$ $(\forall\varepsilon>0)$;

Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

337. $M(\xi-M\xi)(\eta-M\eta)$ өрнегі қалай аталды?

А. ξ және η кездейсоқ шамаларының ковариациясы;
В. Корреляция коэфициенті;
С. Ассиметрия коэфициенті;
Д. Мода;
Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

338. $\dfrac{M(\xi-M\xi)(\eta-M\eta)}{\sqrt{D\xi\cdot D\eta}}$ өрнегі қалай аталды?

А. ξ және η кездейсоқ шамаларының ковариациясы;
В. Корреляция коэфициенті;
С. Асиметрия коэфициенті;
Д. Модасы;
Е. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

339. $\xi\sim Bi(n;p)$ биномдық кездейсоқ шама үшін

А. $M\xi=np$, $D\xi=nq$; В. $M\xi=npq$, $D\xi=np$;
С. $M\xi=np$, $D\xi=npq$; Д. $M\xi=p$, $D\xi=nq$;

E. $M\xi = D\xi = np$.

340. ξ, η тәуелсіз кездейсоқ шамалар, $D\xi = 1$, $D\eta = 2$ болса, онда $D(\xi - 2\eta + 3) = ?$

A. 7; B. -3; C. 6;
Д. 9; E. 0.

341. $\xi \sim \Pi(3)$. Онда орташа квадраттық ауытқу $\sigma = ?$

A. 3; B. $\sqrt{3}$; C. 3^2;
Д. $\pm\sqrt{3}$; E. ± 3.

342. Математикалық күтімнің мультипликативтік қасиеті мынандай кездейсоқ шамаларға қатысты:

A. тек қана дискретті;
B. тек қана үзіліссіз;
C. кез келген тәуелсіз, математикалық күтімдері де кез келген болатын;
Д. кез келген тәуелсіз, математикалық күтімдері ақырлы болатын:
E. кез келген.

343. $M\xi = 3$, $M\eta = 2$. Онда $M(2\xi - 3\eta + 5) = ?$

A. -1; B. 1; C. 4;
Д. -6; E. 6.

344. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс:

A. $\xi \sim Bi(10; p) \Rightarrow M\xi = 10$; B. $\xi \geq 0$ $(a.\partial.) \Rightarrow M\xi = 0$;
C. $\xi \geq 0$ $(a.\partial.) \Rightarrow M\xi \geq 0$; Д. $D\xi = 0$ $\Rightarrow \xi = M\xi^2$;
E. $D\xi \geq 0$ $\Rightarrow \xi \geq 0$.

345. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

A. $D\xi = 0 \Leftrightarrow \xi = M\xi$ $(a.\partial.)$;
B. $D(c\xi) = cD\xi$, $c = const$;
C. $D(a\xi + b) = a^2 D\xi + b$, $a, b = const$, $b \neq 0$;
Д. $D(\xi \cdot \eta) = D\xi \cdot D\eta$;
E. $D(\xi \pm \eta) = D\xi + D\eta$.

346. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес?

A. $D\xi \geq 0$;
B. $M|\xi| \geq 0$;
C. $\xi \sim \Pi(\lambda) \Rightarrow M\xi = \lambda$;
Д. $\xi \sim Bi(30; 1/3) \Rightarrow M\xi = 10$;
E. $M(\xi \cdot \eta) = M\xi \cdot M\eta$.

347. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

A. $M\xi < \infty \Leftrightarrow M|\xi| < \infty$;
B. $M|\xi|^n < \infty \Rightarrow M|\xi|^{n+1} < \infty$, $n = 1, 2, \ldots$;
C. Кез келген $g(x)$ функциясы үшін $Mg(\xi) \geq g(M\xi)$;
Д. $M\xi^n = (M\xi)^n$;
E. $D\xi = (\xi - M\xi)^4$.

348. Мына формулалардың қайсысы дұрыс?

A. $D\xi = M(|\xi| - M\xi)^2$; B. $D\xi = M\xi^2 + (M\xi)^2$;
C. $D\xi = M\xi^2 - (M\xi)^2$; Д. $D(\alpha\xi + \beta) = \alpha D\xi$, $\alpha, \beta = const$;
E. $D(\xi - \eta) = D\xi - D\eta$.

349. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы $f_\xi(x) = \frac{1}{3\sqrt{2\pi}} e^{-\frac{(x+2)^2}{18}}$. Онда

A. $M\xi = 2,\ D\xi = 3$; B. $M\xi = -2,\ D\xi = 3$;
C. $M\xi = 2,\ D\xi = 18$; Д. $M\xi = -2,\ D\xi = 18$;
E. $M\xi = -2,\ D\xi = 9$.

350. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы

$$f_\xi(x) = \frac{1}{\sqrt{8\pi}} e^{-\frac{(x+1)^2}{8}}.$$ Онда

A. $M\xi = 1,\ \sigma = 4$; B. $M\xi = -1,\ \sigma = 4$;
C. $M\xi = -1,\ \sigma = 2$; Д. $M\xi = -1,\ D\xi = 2$;
E. $M\xi = 1,\ D\xi = 4$.

15-модуль

351. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы

$$f_\xi(x) = \frac{1}{\sqrt{4\pi}} e^{-\frac{(x-3)^2}{4}}.$$ Онда

A. $M\xi = 3, \sigma = \sqrt{2}$; B. $M\xi = -3, \sigma = \sqrt{2}$;
C. $M\xi = -3, \sigma = -\sqrt{2}$; Д. $M\xi = 3, D\xi = \sqrt{2}$;
E. $M\xi = -3, D\xi = 2$.

352. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы

$$f_\xi(x) = \begin{cases} 2e^{-2x}, & x \ge 0, \\ 0, & x < 0. \end{cases}$$

Онда

A. $M\xi = 0.25$; B. $M\xi = 0.2$; C. $M\xi = 4$;
Д. $M\xi = 1/2$; E. $M\xi = 2$.

353. $\xi \sim N(0, \sigma^2)$. Онда

A. $M\xi^{2k-1} = 0,\ M\xi^{2k} = (2k-1)!!\,\sigma^{2k}\quad (k = 1,2,...)$;

B. $M\xi^{k} = (2k-1)!!\,\sigma^{2k}\quad (k = 1,2,...)$;

C. $M\xi^{k} = (2k)!!\,\sigma^{2k}\quad (k = 1,2,...)$;

Д. $M\xi^{2k-1} = 0,\ M\xi^{2k} = (2k)!!\,\sigma^{2k}\quad (k = 1,2,...)$;

E. $M\xi^{2k-1} = 0,\ M\xi^{2k} = 2\cdot k!\cdot\sigma^{2k}\quad (k = 1,2,...)$.

354. $\xi = (\xi_1, \xi_2, ..., \xi_n) \sim N(a, R)$ болса, онда

A. $a = M\xi$, R-бірлік матрица;

B. a-кез келген вектор, $a \in R^1$, R-симметриялы емес матрица;

C. $a = M\xi,\ R = \left\|\operatorname{cov}(\xi_i, \xi_j)\right\|_{i,j=1}^n$;

Д. $a = D\xi,\ R = \left\|\operatorname{cov}(\xi_i, \xi_j)\right\|_{i,j=1}^n$;

E. Дұрыс жауабы берілмеген.

355. ξ_1, ξ_2 тәуелсіз $N(0,1)$ кездейсоқ шамалар. $M(2\xi_1 - 3\xi_2 + 1) = ?$

A. 0; B. 6; C. 1; Д. −1; E. 14.

356. $\xi \sim N(0,1)$. $M\xi\cos\xi = ?$

A. $-\cos 0$; B. $\cos 1$; C. 0; Д. 1; E. −1.

357. $\xi \sim N(0,1)$. $D(-3\xi + 2) = ?$

A. −1; B. 3; C. −9; Д. 11; E. 9.

358. Табысының ықтималдығы p-ға тең Бернулли схемасы үшін μ_n арқылы алғашқы n сынақтағы табыс санын белгілелік. Онда *Чебышев теңсіздігі* былай жазылады:

$\forall \varepsilon > 0$ үшін $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n} - p\right| > \varepsilon\right\} \le a$, мұндағы

A. $a = \frac{p(1-p)}{(n\varepsilon)^2}$; B. $a = \frac{p(1-p)}{n^2\varepsilon}$; C. $a = \frac{p(1-p)}{n\varepsilon^2}$;

Д. $a = \frac{p(1-p)}{n\varepsilon}$; E. $a = \frac{p}{n\varepsilon^2}$.

359. $f(x)$ – $[0,1]$ аралығында анықталған үзіліссіз функция, $\mu_n \sim Bi(n;p)$ болсын. *Онда Бернштейн* көпмүшелігі деп мына көпмүшелікті айтамыз:

A. $B_n(p) = Df\left(\frac{\mu_n}{n}\right)$; B. $B_n(p) = \sum\limits_{k=0}^{n} f(k) C_n^k p^k (1-p)^{n-k}$;

C. $B_n(p) = \sum\limits_{r=0}^{n} f\left(\frac{k}{n}\right) p^k (1-p)^{n-k}$;

Д. $B_n(p) = Mf\left(\frac{\mu_n}{n^2}\right)$; E. $B_n(p) = Mf\left(\frac{\mu_n}{n}\right)$.

360. ξ, η кездейсоқ шамалары тәуелсіз және $M\xi = 1$, $M\eta = 2$, $D\xi = 1$, $D\eta = 4$. Онда $(\xi + \eta + 1)^2$ шамасының математикалық күтімі $M(\xi + \eta + 1)^2 = ?$

A. 19; B. 13; C. 18; Д. 22; E. 21.

361. $\xi_1 \sim \mathcal{N}(1, 2^2)$, $\xi_2 \sim \mathcal{N}(0, 3^2)$ болса, онда $M(\xi_1^2 + \xi_2^2) = ?$

A. 5; B. 13; C. 14; Д. 10; E. 15.

362. $\xi_1 \sim \mathcal{N}(1, 2^2)$, $\xi_2 \sim \mathcal{N}(0, 3^2)$ болса, онда $M(2\xi_1^2 - 3\xi_2^2) = ?$

A. –17; B. -16; C. -18; Д. 17; E. 16.

363. $\xi_1 \sim \mathcal{N}(1, 2^2)$, $\xi_2 \sim \mathcal{N}(0, 3^2)$ болса, онда $M(3\xi_1^2 - 2\xi_2^2 + 7) = ?$

A. 3; B. 4; C. 5; Д. 8; E. 6.

364. $\xi_1 \sim \mathcal{N}(0, 1)$, $\xi_2 \sim \mathcal{N}(0, 3^2)$ болса, онда $3M\xi_1^2 + 2M\xi_2^2 - 4M\xi_1 + 5M\xi_2 + 7 = ?$

A. 13; B. 17; C. 23; Д. 25; E. 28.

365. $\xi_1 \sim \mathcal{N}\left(1, (\sqrt{2})^2\right)$, $\xi_2 \sim \mathcal{N}\left(1, (\sqrt{3})^2\right)$ болса, онда $M(-2\xi_1 + 3\xi_2^2 + 3) = ?$

A. 12; B. 13; C. 14; Д. 15; E. 11.

366. ξ параметрі $\lambda = \frac{1}{2}$ болатын көрсеткіштік кездейсоқ шама. Онда бұл кездейсоқ шаманың математикалық күтімі мен дисперсиясы болатын $M\xi$ және $D\xi$ шамалары неге тең?

A. $M\xi = 2$, $D\xi = 4$; B. $M\xi = 2$, $D\xi = 2$;

C. $M\xi = \frac{1}{2}$, $D\xi = 2$; Д. $M\xi = \frac{1}{2}$, $D\xi = \frac{1}{4}$;

E. $M\xi = 4$, $D\xi = 2$.

367. ξ параметрі $\lambda = \frac{1}{2}$ болатын көрсеткіштік кездейсоқ шама болса, онда $\eta = 2\xi + 1$ шамасының математикалық күтімі $M\eta$ неге тең?

A. 5; B. 4; C. 1/2; Д. 3/2; E. 2.

368. ξ параметрі $\lambda = \frac{1}{2}$ болатын көрсеткіштік кездейсоқ шама болса, онда $\eta = 2\xi - 1$ шамасының дисперсиясы неге тең?

A. 0; B. 4; C. 8; Д. 1; E. 16.

369. ξ параметрі $\lambda = \frac{1}{2}$ болатын көрсеткіштік кездейсоқ шама болса, онда $\eta = \xi^2 - 2\xi + 1$ шамасының математикалық күтімі неге тең?

A. 1/4; B. 10; C. 12; Д. 4; E. 5.

370. $\xi \sim \Pi(2)$. Онда $M\xi^2 = ?$

A. 6; B. 4; C. 8; Д. 10; E. 2.

371. $\xi \sim \Pi(1)$. Онда $M(\xi^2 - 2\xi + 3) = ?$

A. 2; B. 3; C. 4; Д. 1; E. 0.

372. $\xi \sim \Pi\left(\frac{1}{3}\right)$. Онда $\eta = 3\xi - 1$ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

A. 3; B. 9; C. 27; Д. 1; E. 0.

373. $\xi \sim Bi\left(10; \frac{1}{2}\right)$. $M\xi = ?$

A. 2,5; B. 10; C. 20; Д. 5; E. 40.

374. $\xi \sim Bi\left(10; \frac{1}{2}\right)$. Дисперсия $D\xi = ?$

A. 5; B. 2,5; C. 40; Д. 10; E. 20.

375. $\xi \sim Bi\left(5; \frac{1}{2}\right)$, $\eta \sim Bi\left(10; \frac{1}{2}\right)$. Онда олардың қосындысының математикалық күтімі $M(\xi + \eta)$ неге тең?

A. 20; B. 5; C. 30; Д. 15; E. 7,5.

16-модуль

376. ξ, η қатаң оң мәндер қабылдайтын $(\xi > 0,\ \eta > 0)$ бірдей үлестірілген кездейсоқ шамалар. Онда $M\frac{\xi}{\xi + \eta}$ математикалық күтімі неге тең? $M\frac{\eta}{\xi + \eta}$ математикалық күтімі ше?

A. 3; 3; B. 1/3; 1/3; C. 1; 1; Д. 1/2; 1/2; E. 2; 2.

377. ξ, η, ζ қатаң оң мәндер қабылдайтын $(\xi > 0,\ \eta > 0,\ \zeta > 0)$ бірдей үлестірілген кездейсоқ шамалар. Онда $M\frac{\xi}{\xi + \eta + \zeta}$ математикалық күтімі неге тең? $M\frac{\eta}{\xi + \eta + \zeta}$ математикалық күтімі ше?

A. 3; 3; B. 1/3; 1/3; C. 2/3; 2/3; Д. 1; 1; E. 3; 3.

378. ξ, η, ζ қатаң оң мәндер қабылдайтын $(\xi > 0,\ \eta > 0,\ \zeta > 0)$ бірдей үлестірілген кездейсоқ шамалар. Онда $M\frac{\xi + \eta}{\xi + \eta + \zeta}$ математикалық күтімі неге тең?

A. 1/3; B. 2; C. 3; Д. 2/3; E. 1.

379. ξ, η қатаң оң мәндер қабылдайтын $(\xi > 0,\ \eta > 0)$ бірдей үлестірілген кездейсоқ шамалар. Онда $M\dfrac{\xi^2}{\xi^2+\eta^2}$ математикалық күтімі неге тең?

A. $\dfrac{1}{2}$; B. $\dfrac{1}{2^2}$; C. $\dfrac{1^2}{1^2+2^2}$; Д. $\left(\dfrac{1}{2}\right)^2$; E. 2^2.

380. ξ, η, ζ қатаң оң мәндер қабылдайтын $(\xi > 0,\ \eta > 0,\ \zeta > 0)$ бірдей үлестірілген кездейсоқ шамалар. Онда $M\dfrac{\xi^2}{\xi^2+\eta^2+\zeta^2}$ математикалық күтімі неге тең?

A. 3^3; B. $\dfrac{1}{3}$; C. $\dfrac{2}{3}$; Д. $\left(\dfrac{1}{3}\right)^3$; E. 3.

381. μ_n арқылы табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс санын белгілейік. Онда оның математикалық күтімі $M\mu_n$ неге тең?

A. p; B. $p(1-p)$; C. $n(1-p)$;
Д. $np(1-p)$; E. np.

382. μ_n арқылы табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс санын белгілейік. Онда оның дисперсиясы $D\mu_n$ неге тең?

A. $np(1-p)$; B. np; C. $n(1-p)$;
Д. $np-(1-p)$; E. np^2.

383. μ_n арқылы табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс санын белгілейік. Онда $\max\{\mu_n,\ n-\mu_n\}$ шамасының математикалық күтімі мен $\min\{\mu_n,\ n-\mu_n\}$ шамасының математикалық күтімінің қосындысы мынаған тең:

A. $n(n-1)$; B. n; C. $n-1$;
Д. np; E. nq.

384. μ_n арқылы табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс санын белгілейік. Онда $M\mu_n + D\mu_n$ шамасы мынаған тең:

A. nq; B. np; C. $np(1+q)$;
Д. $nq(1+p)$; E. npq.

385. μ_n арқылы табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс санын белгілейік. Онда бұл кездейсоқ шаманың математикалық күтімі мен дисперсиясының айырымы $M\mu_n - D\mu_n$ шамасы мынаған тең:

A. np^2; B. nq^2;
C. npq; Д. $np(1+q)$;
E. $nq(1+q)$.

386. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда μ_n^2 кездейсоқ шамасының математикалық күтімі мынаған тең:

A. $np(np+1+p)$; B. $np(np+q)$;
C. $(np)^2$; Д. $np(1+q)$;
E. $np(1+p)$.

387. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда $M\mu_n(\mu_n+1)$ неге тең?

А. $np(np-q)$; В. $np(np+q)$;
С. $np(np+p)$; Д. $np(np+1)$;
Е. $np(np+q+1)$.

388. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда $M\mu_n(\mu_n-1)$ неге тең?

А. n^2q^2; В. n^2p^2; С. $n(n-1)p^2$;
Д. $n(n-1)q^2$; Е. $n(n+1)p^2$.

389. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда μ_n және кез келген $\varepsilon>0$ үшін Чебышев теңсіздігі былай жазылады:

А. $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n}-p\right|\ge\varepsilon\right\}\le\frac{p(1-p)}{n^2\varepsilon^2}$;

В. $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n}-p\right|\ge\varepsilon\right\}\le\frac{p(1-p)}{n\varepsilon^2}$;

С. $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n}-p\right|\ge\varepsilon\right\}\le\frac{p^2}{n\varepsilon^2}$;

Д. $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n}-p\right|\ge\varepsilon\right\}\le\frac{(1-p)^2}{n^2\varepsilon^2}$;

Е. $P\left\{\left|\frac{\mu_n}{n}-p\right|\ge\varepsilon\right\}\le\frac{p^2}{n^2\varepsilon^2}$.

390. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда $M\left(\frac{\mu_n}{n}\right)$ неге тең?

А. $p(1-p)$; В. p; С. $(1-p)$;
Д. p^2; Е. $(1-p)^2$.

391. μ_n табысының ықтималдығы p-ға тең Бернуллидің n тәуелсіз сынақтар тізбегіндегі табыс саны болсын. Онда табыстың салыстырмалы жиілігі болатын $\frac{\mu_n}{n}$ кездейсоқ шамасының дисперсиясы $D\left(\frac{\mu_n}{n}\right)$ неге тең?

А. $\frac{p^2}{n^2}$; В. $\frac{p(1-p)}{n^2}$; С. $\frac{(1-p)^2}{n}$;
Д. $\frac{p^2}{n}$; Е. $\frac{p(1-p)}{n}$.

392. Егер ξ, η кездейсоқ шамалары корреляцияланбаған кездейсоқ шамалар болса, онда олар

А. міндетті түрде тәуелсіз кездейсоқ шамалар болады;
В. міндетті түрде нормаль кездейсоқ шамалар болады;
С. міндетті түрде тәуелсіз кездейсоқ шамалар болуы қажетті және жеткілікті;
Д. тәуелсіз кездейсоқ шамалар болуға міндетті емес;
Е. математикалық күтімдері нөлге тең кездейсоқ шамалар.

393. Егер ξ, η кездейсоқ шамалары корреляцияланбаған кездейсоқ шамалар болса, онда олардың корреляция коэффициенті

А. бірге тең;

В. минус бірге тең;
С. нөлге тең;
Д. бірден артық болуы мүмкін;
Е. минус бірден кем болуы мүмкін.

394. Егер ξ, η кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті бірге тең болса, онда қандай да бір α, β тұрақтылары табылады және $\xi \overset{a.\partial.}{=} \alpha\eta + \beta$ теңдігі орындалады, мұндағы

A. $\alpha < 0$, $\beta > 0$; B. $\alpha > 0$; C. $\alpha < 0$, $\beta < 0$;
Д. $\alpha > 0$, $\beta > 0$; E. $\alpha > 0$, $\beta = 0$.

395. Егер ξ, η кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті минус бірге тең болса, онда қандай да бір α, β тұрақтылары табылады және $\xi \overset{a.\partial.}{=} \alpha\eta + \beta$ теңдігі орындалады, мұндағы

A. $\alpha < 0$, $\beta > 0$; B. $\alpha > 0$; C. $\alpha < 0$;
Д. $\alpha < 0$, $\beta < 0$; E. $\alpha = 0$.

396. ξ және $\eta = 3\xi + 4$ кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті ρ неге тең?

A. $\rho = 1$; B. $\rho = -1$; C. $\rho = 3$;
Д. $\rho = \frac{3}{4}$; E. $\rho = 4$.

397. ξ және $\eta = -\xi + 3$ кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті ρ неге тең?

A. $\rho = 1$; B. $\rho = -1$; C. $\rho = 0$;
Д. $\rho = -\frac{1}{3}$; E. $\rho = 3$.

398. ξ және η корреляцияланбаған кездейсоқ шамалар болса, онда олардың корреляция коэффициенті ρ неге тең?

A. $\rho = 1$; B. $\rho = -1$; C. $\rho = 0$;
Д. $\rho = \frac{1}{2}$; E. $\rho = -\frac{1}{2}$.

399. ξ_1, ξ_2 -тәуелсіз кездейсоқ шамалар: $M\xi_1 = 0$, $M\xi_2 = 0$, $D\xi_1 = 1$, $D\xi_2 = 1$. $\eta_1 = \xi_1 - \xi_2$ және $\eta_2 = \xi_1 + \xi_2$ кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті ρ неге тең?

A. $\rho = 0$; B. $\rho = 1$; C. $\rho = -1$;
Д. $\rho = \frac{1}{2}$; E. $\rho = -\frac{1}{2}$.

400. ξ_1, ξ_2 -тәуелсіз кездейсоқ шамалар: $M\xi_1 = M\xi_2 = 0$, $D\xi_1 = D\xi_2 = 1$. $\eta_1 = 2\xi_1 - \xi_2$ және $\eta_2 = \xi_1 + 2\xi_2$ кездейсоқ шамаларының ковариациясын табыңыз.

A. 1/2; B. -1/2; C. 1;
Д. 1; E. 0.

17-модуль

401. ξ_1, ξ_2 -тәуелсіз кездейсоқ шамалар: $M\xi_1 = M\xi_2 = 0$, $D\xi_1 = D\xi_2 = 1$. $\eta_1 = \xi_1$ және $\eta_2 = \xi_1 + \xi_2$ кездейсоқ шамаларының ковариациясын табыңыз.

A. −1/2; B. 1/2; C. -1;
Д. 1; E. 0.

402. ξ_1, ξ_2 -тәуелсіз кездейсоқ шамалар: $M\xi_1 = 1$, $M\xi_2 = 0$, $D\xi_1 = 2$, $D\xi_2 = 1$. $\eta_1 = \xi_1$ және $\eta_2 = \xi_1 + \xi_2$ кездейсоқ шамаларының ковариациясын табыңыз.

А. -3; В. 3; С. 2; Д. -1; Е. 0.

403. ξ_1, ξ_2 кездейсоқ шамалары берілген және $M\xi_1 = 1$, $D\xi_1 = 2$, $M\xi_2 = 2$, $D\xi_2 = 3$. $\eta_1 = \xi_1 + \xi_2$ және $\eta_2 = \xi_1 - \xi_2$ кездейсоқ шамаларының ковариациясы неге тең?

А. 4; В. -1; С. 3; Д. 5; Е. 2.

404. ξ_1, ξ_2 кездейсоқ шамалары берілген және $M\xi_1 = 1$, $D\xi_1 = 2$, $M\xi_2 = 2$, $D\xi_2 = 3$. $\eta_1 = \xi_1 + \xi_2$ және $\eta_2 = \xi_1 - \xi_2$ кездейсоқ шамаларының корреляция коэффициенті неге тең?

А. $\frac{1}{\sqrt{2}}$; В. $\sqrt{\frac{2}{3}}$; С. $\sqrt{\frac{3}{2}}$; Д. $-\frac{1}{\sqrt{6}}$; Е. $\frac{1}{\sqrt{3}}$.

405. Егер ξ және η кездейсоқ шамаларының корреляцияланбағандығынан әрқашан олардың тәуелсіздігі шығатын болса, онда бұл кездейсоқ шамалар

А. көрсеткіштік кездейсоқ шамалар;
В. пуассондық кездейсоқ шамалар;
С. гаустік (нормаль) кездейсоқ шамалар;
Д. геометриялық кездейсоқ шамалар;
Е. бірқалыпты үлестірілген кездейсоқ шамалар.

406. Егер ξ стандартты нормаль кездейсоқ шама болса, онда $3\xi + 2$ кездейсоқ шамасының $M(3\xi + 2)$ математикалық күтімі неге тең?

А. 9; В. 4; С. 5; Д. 3; Е. 2.

407. Егер $\xi \sim Bi\left(10; \frac{1}{3}\right)$ болса, онда $\eta = 9\xi + 2$ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі неге тең?

А. 32; В. 30; С. 29; Д. 33; Е. 28.

408. Егер $\xi \sim Bi\left(10; \frac{1}{3}\right)$ болса, онда $\eta = 9\xi + 2$ кездейсоқ шамасының дисперсиясы неге тең?

А. 90; В. 180; С. 360; Д. 45; Е. 320.

409. Егер $\xi \sim Bi\left(10; \frac{1}{3}\right)$ болса, онда $\eta = 9\xi + 2$ кездейсоқ шамасының орташа квадраттық ауытқуы неге тең?

А. $\sqrt{90}$; В. $\sqrt{360}$; С. $\sqrt{180}$; Д. $\sqrt{45}$; Е. $\sqrt{320}$.

410. $D\xi = 2$ болса, онда $D(-3\xi + 4)$ неге тең?

А. 12; В. 18; С. -18; Д. 9; Е. 3.

411. $D\xi = 2$ болса, онда $\eta = -3\xi + 4$ кездейсоқ шамасының орташа квадраттық ауытқуы неге тең?

А. 9; В. 2; С. $3\sqrt{2}$; Д. $2\sqrt{3}$; Е. 3.

412. Егер ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы $D\xi = 0$ болса, онда

А. $\xi = 0$; В. $\xi = 0$ $(а.д.)$; С. $\xi = M\xi$;
Д. $\xi = M\xi$ $(а.д.)$; Е. ξ - кез келген тұрақты шама.

413. Егер $\xi \geq 0$, $M\xi = 0$ болса, онда

A. $\xi = 0$; B. $\xi = 0 \quad (a.\partial.)$;

C. ξ - кез келген теріс емес кездейсоқ шама;

Д. ξ - дисперсиясы нөлден өзгеше кездейсоқ шама болуы мүмкін;

Е. ξ кездейсоқ шамасының дисперсиясы нөлге тең болуы да, болмауы да мүмкін.

414. ξ - кез келген кездейсоқ шама. Онда $D\xi < \infty$ болуы үшін

A. $M\xi < \infty$ болуы жеткілікті;

B. $M\xi^2 < \infty$ болуы жеткілікті;

C. $M\xi^{\frac{3}{2}} < \infty$ болуы жеткілікті;

Д. $M\sqrt{\xi} < \infty$ болуы жеткілікті;

Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

415. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім заңы келесі кесте түрінде берілген:

ξ	-1	-0,5	-0,1	0	0,1
P	0,005	0,012	0,074	0,102	0,148

ξ	0,2	0,5	1	1,5	2
P	0,231	0,171	0,16	0,081	0,016

Табу керек: $M\xi = ?$ $\quad D\xi = ?$ $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = ?$

A. $M\xi = 0,488$, $\quad D\xi = 0,274$, $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = 0,738$;

B. $M\xi = 0,442$, $\quad D\xi = 0,273$, $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = 0,738$;

C. $M\xi = 0,443$, $\quad D\xi = 0,273$, $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = 0,738$;

Д. $M\xi = 0,442$, $\quad D\xi = 0,275$, $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = 0,738$;

Е. $M\xi = 0,442$, $\quad D\xi = 0,273$, $\quad P\{-0,5 \le \xi \le 0,54\} = 0,739$.

416. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім заңы келесі кесте түрінде берілген:

ξ	-1	0	1
P	0,02	0,03	0,05

$M\xi^4$ және $D\xi^4$ шамаларын табыңыз.

A. $M\xi^4 = 0,7 \quad D\xi^4 = 0,24$;

B. $M\xi^4 = 0,7 \quad D\xi^4 = 0,27$;

C. $M\xi^4 = 0,7 \quad D\xi^4 = 0,21$;

Д. $M\xi^4 = 0,8 \quad D\xi^4 = 0,21$;

Е. $M\xi^4 = 0,8 \quad D\xi^4 = 0,24$.

417. ξ, η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім заңы келесі кесте түрінде берілген.

$\eta \backslash \xi$	0	1	2	3	4	5
0	0,01	0,05	0,12	0,02	0	0,01
1	0,02	0	0,01	0,05	0,02	0,02
2	0	005	0,1	0	0,3	0,05
3	0,01	0	0,02	0,01	0,03	0,1

$M\{\xi + \eta\}$ математикалық күтімін табыңыз.

A. 2,268; B. 2,368; C. 2,286; Д. 2,386; Е. 2,212.

418. ξ, η кездейсоқ шамаларының бірлескен үлестірім заңы келесі кесте түрінде берілген.

$\eta \backslash \xi$	0	1
-1	0,1	0,2
0	0,2	0,3

1	0	0,2

Егер $\zeta = 2\xi + \eta^2$ болса, онда $M\zeta$ неге тең?

A. 1,3; B. 1,7; C. 1,2; Д. 1,5; E. 1,9.

419. (ξ,η) кездейсоқ векторы үшін $M\xi = 0$, $M\eta = 2$, $D\xi = 2$, $D\eta = 1$, $\rho = -\frac{1}{\sqrt{2}}$. Егер $\zeta = 2\xi - 3\eta$ болса, онда бұл кездейсоқ шаманың математикалық күтімі мен дисперсиясы неге тең?

A. $M\zeta = 6 \quad D\zeta = 29$; B. $M\zeta = -6 \quad D\zeta = 29$;
C. $M\zeta = -6 \quad D\zeta = 21$; Д. $M\zeta = 6 \quad D\zeta = 21$;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

420. ξ және η кездейсоқ шамалары тәуелсіз және параметрлері a, σ^2 болатын нормаль кездейсоқ шамалар. $\alpha\xi + \beta\eta$ және $\alpha\xi - \beta\eta$ кездейсоқ шамаларының арасындағы корреляция коэффициентін табыңыз, мұндағы α, β $\alpha\beta \neq 0$ шартын қанағаттандыратын тұрақтылар.

A. $\rho = \frac{\alpha^2 + \beta}{\alpha^2 + \beta^2}$; B. $\rho = \frac{\alpha^2 - \beta^2}{\alpha^2 + \beta^2}$; C. $\rho = \frac{\alpha^2 + \beta^2}{\alpha^2 - \beta^2}$;

Д. $\rho = \frac{\alpha^2 - \beta}{\alpha^2 + \beta^2}$; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

421. ξ кездейсоқ шамасының математикалық күтімі және дисперсиясы сәйкесінше 2 және 10-ға тең. Онда $\eta = 4\xi + 1$ кездейсоқ шамасының математикалық күтімін және дисперсиясын табыңыз.

A. $M\xi = 3,\ D\xi = 6$; B. $M\xi = 9,\ D\xi = 81$;
C. $M\xi = 9,\ D\xi = 160$; Д. $M\xi = 3,\ D\xi = 9$;

E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

422. Лотереяға 250 теңгелік , 50 теңгелік және 40 теңгелік үш зат ұтысқа қойылған. Барлық билеттер саны 100. Қолында бір билеті бар ойыншының ұтысының математикалық күтімін табыңыз.

A. 3 теңге 40 тиын; B. 4 теңге 60 тиын;
C. 3 теңге 80 тиын; Д. 4 теңге 15 тиын;
E. 4 теңге 40 тиын.

423. ξ, η кездейсоқ шамалары тәуелсіз және $M\xi = 2$, $D\xi = 1$, $M\eta = 1$, $D\eta = 4$. $\zeta = \xi - 2\eta$ кездейсоқ шамасының математикалық күтімін және дисперсиясын табыңыз.

A. $M\zeta = 3,\ D\zeta = 6$; B. $M\zeta = 0,\ D\zeta = 17$;
C. $M\zeta = 17,\ D\zeta = 66$; Д. $M\zeta = 31,\ D\zeta = 96$;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

424. ξ, η кездейсоқ шамалары тәуелсіз және $M\xi = 2$, $D\xi = 1$, $M\eta = 1$, $D\eta = 4$. $\zeta = 2\xi - \eta$ кездейсоқ шамасының математикалық күтімін және дисперсиясын табыңыз.

A. $M\zeta = 3,\ D\zeta = 6$; B. $M\zeta = 3,\ D\zeta = 18$;
C. $M\zeta = 17,\ D\zeta = 66$; Д. $M\zeta = 31,\ D\zeta = 96$;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

425. Екі ойын сүйегі лақтырылған. Егер екі ойын сүйегінде әртүрлі ұпайлар түскені белгілі болса, онда түскен ұпайлардың қосындысынан тұратын кездейсоқ шаманың математикалық күтімін табыңыз.

A. 9; B. 7; C. 10;
Д. 15; E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

VII. КЕЗДЕЙСОҚ ШАМА. КЕЗДЕЙСОҚ ШАМАЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

18-модуль

426. Қандай үлестірімнің тығыздығы

$$f(x)=\frac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}}e^{-\frac{(x-a)^2}{2\sigma^2}} \quad (-\infty<a<\infty,\ \ 0<\sigma<\infty)$$ функциясымен беріледі?

A. Нормаль;
B. Бірқалыпты;
C. Пуассондық ;
Д. Бернуллилік ;
E. Көрсеткіштік.

427. Егер $P(\xi=m)=\frac{\lambda^m}{m!}\cdot e^{-\lambda}$ $(m=0,1,2,3,...,\ \lambda>0)$ болса, ξ кездейсоқ шамасы қандай заңмен үлестірілген?

A. Биномдық кездейсоқ шама;
B. Геометриялық кездейсоқ шама;
C. Пуассондық кездейсоқ шама;
Д. Бірқалыпты үлестірілген кездейсоқ шама;
E. Гипергеометриялық кездейсоқ шама.

428. Әрбір нақты x үшін ξ кездейсоқ шамасының x-тен артпайтын мән қабылдау ықтималдығын өрнектейтін $P(\xi\le x)$ функциясы қалай аталады?

A. Ықтималдықтық функция;
B. Дифференциалдық үлестірім функциясы;
C. Үлестірім тығыздығы;
Д. Үлестірім функциясы;
E. Дұрыс жауап көрсетілмеген.

429. Кездейсоқ шаманың үлестірім тығыздығы $\varphi(x)$ мына қасиеттердің қайсысына ие?

1) $\varphi(x)\ge 0$; 2) $\varphi(x)\le 0$; 3) $\int\limits_{-\infty}^{+\infty}\varphi(x)dx=1$; 4) $\int\limits_{-\infty}^{+\infty}\varphi(x)dx=0$;

5) $P(a\le\xi\le b)=\int\limits_a^b\varphi(x)dx$; 6) $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{x}\varphi(x)$, мұндағы $F(x)$ – сәйкес үлестірім функциясы.

A. 1)-6);
B. 1),3),5),6);
C. 2),3),5),6);
Д. 1),4);
E. 1),3),5).

430. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім функциясымен берілген:

$$F(x)=\begin{cases}0, & x\in(-\infty;4),\\ \frac{x-3}{4}, & x\in[4;8],\\ 1, & x\in(8;+\infty).\end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының (1;5) интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,1;
B. 0,7;
C. 0;
Д. 0,25;
E. 0,5.

431. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім функциясымен берілген:

$$F(x)=\begin{cases}0, & x\in(-\infty;-1),\\ \frac{x+1}{2}, & x\in[-1;1),\\ 1, & x\in[1+\infty).\end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының (0;2] интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

A. 0,5;
B. 0,45;
C. 0,37;
Д. 0,9;
E. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

432. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім функциясымен берілген:

$$F(x)=\begin{cases} 0, & x<-\dfrac{\pi}{2}, \\ \cos x, & -\dfrac{\pi}{2}\le x<0, \\ 1, & x\ge 0. \end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының $\left(-\dfrac{\pi}{3};0\right)$ интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

А. 0,34; В. 0,5; С. 0,7;
Д. 0,21; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

433. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім функциясымен берілген:

$$F(x)=\begin{cases} 0, & x<-2, \\ \dfrac{1}{2}+\dfrac{1}{2\pi}\arg\sin x\left(\dfrac{x}{2}\right), & -2\le x<2, \\ 1, & x\ge 2. \end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының (-1;1) интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/5; В. 1/6; С. 1/4;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

434. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім тығыздығы былайша берілген: $f(x)=\dfrac{C}{1+x^2}$. C - тұрақты шамасын табыңыз.

А. π; В. $\dfrac{1}{\pi}$; С. 1;

Д. $4\pi^2$; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

435. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім тығыздығымен берілген:

$$f(x)=\begin{cases} 0, & x\le 0, \\ ce^{-2x}, & x>0. \end{cases}$$

c тұрақты шамасын табыңыз.

А. 1; В. 1/4; С. 2;
Д. 1/2; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

436. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім тығыздығымен берілген:

$$f(x)=\begin{cases} 0{,}5, & x\in[0;2], \\ 0, & x\notin[0,2]. \end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының (0,5; 1,5) интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

А. 1/2; В. 3/4; С. 1/16;
Д. 1/7; Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

437. ξ кездейсоқ шамасы мына үлестірім тығыздығымен берілген:

$$f(x)=\begin{cases} 2(x-1), & x\in[1;2], \\ 0, & x\notin[1;2]. \end{cases}$$

ξ кездейсоқ шамасының (1; 3) интервалына түсу ықтималдығын табыңыз.

А. 3/4; В. 1/2; С. 1/6;
Д. 1; Е. 0.

438. ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы мынадай:

$$F_\xi(x)=\begin{cases} 0, & егер\ x\le 0, \\ \sin 2x, & егер\ 0<x\le\dfrac{\pi}{4}, \\ 1, & егер\ x>\dfrac{\pi}{4}. \end{cases}$$

$p_\xi(x)$ үлестірім тығыздығын табыңыз.

А. $p_\xi(x)=\begin{cases} 0, & егер\ x\le 0, \\ 2\cos 2x, & егер\ 0<x\le\dfrac{\pi}{4}, \\ 0, & егер\ x>\dfrac{\pi}{4}. \end{cases}$

В. $p_\xi(x)=\begin{cases} 0, & егер\ x\le 0, \\ 4/\pi, & егер\ 0<x\le\dfrac{\pi}{4}, \\ 0, & егер\ x>\dfrac{\pi}{4}. \end{cases}$

С. $p_\xi(x)=\begin{cases} 0, & егер\ x\le 0, \\ 2\sin 2x, & егер\ 0<x\le\dfrac{\pi}{4}, \\ 0, & егер\ x>\dfrac{\pi}{4}. \end{cases}$

Д. $p_\xi(x)=\begin{cases} 0, & егер\ x\le 0, \\ -2\cos 2x, & егер\ 0<x\le\dfrac{\pi}{4}, \\ 0, & егер\ x>\dfrac{\pi}{4}. \end{cases}$

Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

439. $\xi:\Omega\to X=\{x_1,x_2,...\}$ дискретті кездейсоқ шамасы және кез келген $B\subseteq R$ жиыны үшін мына формула дұрыс:

А. $P\{\omega:\xi(\omega)\in B\}=\sum\limits_{i:x_i\in B}P\{\xi=x_i\}$;

В. $P\{\xi\in B\}=\sum\limits_{i}P\{\xi=x_i\}$;

С. $P\{\xi\in B\}=\sum\limits_{x\in B}P\{\xi\le x\}$;

Д. $P\{\xi\le x\}=\sum\limits_{i:x_i\in B}P\{\xi=x_i\}$;

Е. Дұрыс жауабы көрсетілмеген.

440. $F_\xi(x)$ – ξ кездейсоқ шамасының үлестірім функциясы және $F_\xi(x+0)=F_\xi(x)$. Онда кез келген $a<b$ үшін мына формула дұрыс:

А. $P\{a\le\xi<b\}=F_\xi(b-0)-F_\xi(a-0)$;

В. $P\{a\le\xi\le b\}=F_\xi(b)-F_\xi(a)$;

С. $P\{a<\xi<b\}=F_\xi(b)-F_\xi(a-0)$;

Д. $P\{a\le\xi\le b\}=F_\xi(b-0)-F_\xi(a)$;

Е. $P\{a<\xi<b\}=F_\xi(b)-F_\xi(a-0)$.

441. Табысының ықтималдығы p-ға тең Бернулли схемасы үшін μ_n-арқылы алғашқы n сынақтағы табыс санын белгілелік. Онда:

А. $\mu_n\sim N(0,1)$; В. $\mu_n\sim N(p,p^2)$;

С. $\mu_n\sim Bi(n;p)$; Д. $\mu_n\sim\Pi(p)$;

Е. $\mu_n\sim Bi(n;1-p)$.

442. Кездейсоқ шаманың үлестірім функциясы

$$F_\xi(x)=\begin{cases}1-e^{-2x}, & x\ge 0,\\ 0, & x<0.\end{cases}$$

$P\{-1<\xi\le 1\}$ ықтималдығын табыңыз.

А. $1-e^2$; В. $1-e^{-2}$; С. e^2-e^{-2};

Д. $e^{-2}-e^2$; Е. $\dfrac{1}{2}\ln 2$;

443. $(\Omega, \mathcal{F}, P)$ ықтималдық кеңістігінде анықталған кездейсоқ шама дегеніміз, ол

А. кез келген сандық функция;
В. ақырлы мәндер қабылдайтын кез келген функция;
С. үзіліссіз, $\mathcal{F}$ -өлшенетін функция;
Д. $\mathcal{F}$ -өлшенетін сандық функция;
Е. теріс емес мәндер қабылдайтын $\mathcal{F}$ -өлшенетін функция.

444. Кездейсоқ шаманың үлестірім функциясы арқылы анықталған өлшем:

А. екі түрлі (типті) болады; В. үш түрлі болады;
С. міндетті түрде абсолютті үзіліссіз болады;
Д. дискретті ғана болады; Е. төрт түрлі болады.

445. Егер $\varphi = \varphi(x)$-борелдік функция, $\xi = \xi(\omega)$ кездейсоқ шама болса, онда $\eta(\omega) = \varphi(\xi(\omega))$ функциясы

А. міндетті түрде үзілісті функция болады;
В. міндетті түрде үзіліссіз функция болады;
С. міндетті түрде кездейсоқ шама болады;
Д. кездейсоқ шама болмауы да мүмкін;
Е. кейде кездейсоқ шама болады, кейде болмайды.

446. $\xi = \xi(\omega)$ кездейсоқ шама болсын. Мына функцияларды анықталық: $\xi^+ = \max(\xi, 0)$; $\xi^- = -\min(\xi, 0)$. Онда

А. $\xi^+ \ge 0,\ \xi^- \ge 0,\ \xi = \xi^+ - \xi^-$;
В. $\xi^+ \ge 0,\ \xi^- \le 0,\ \xi = \xi^+ - \xi^-$;
С. $\xi^+ \ge 0,\ \xi^- \ge 0,\ \xi = \xi^+ + \xi^-$;
Д. $\xi^+ \ge 0,\ \xi^- \le 0,\ \xi = \xi^+ + \xi^-$;
